

31 МАМЫР

саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Бұл күн XX ғасырдың тарихи шежіресінің ең ауыр кезеңдерінің бірі – жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға, рухына тағзым етуге арналған. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам жазықсыз сотталды, 25 мың адам өлім жазасына кесілді. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен 5 миллионнан астам адам Қазақстанға жер аударылды. Қазақ жері олар үшін жаңа Отан атанды.

6–7



БОС УАҚЫТЫН ҚАЛАЙ ӨТКІЗУДЕ?

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ҰЛТТЫҢ ҰПАЙЫН ТҮГЕНДЕЙІК

5-БЕТ | РУХАНИЯТ

№62–63
(4961)
Сенбі
30 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2–3

ЕУРАЗИЯ ТӨРІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯ

Еуразияның жүрегіне баланған Астана соңғы үш күнде ауқымды саяси іс-шаралар ордасына айналды. Елордаға Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Сонымен қатар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшылары қатысуымен Еуразия экономикалық форумы және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы өтті.

ОҚУШЫЛАРҒА ЖҰМЫС ҰСЫНАДЫ

Биыл Астанада «JASYL EL» бағдарламасы аясында 5,2 мыңнан астам оқушы мен студентті жазғы каникул кезеңінде жұмыспен қамту жоспарланып отыр.


Жұмыспен қамтылғандар елорданы абаттандыру және көгалдандыру жұмысына, соның ішінде жасыл желектерді күтіп-баптауға, ағаштарды суаруға көмектеседі.

«Бағдарлама аясында 14-35 жас аралығындағы 5 200-ден астам мектеп оқушысы мен студент жұмыспен қамтылады. Еңбек маусымы мамыр мен тамыз аралығында өтеді» деді Астана қаласының Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

Еңбек жасақтарының кәмелетке толмаған белсенділері Еңбек кодексіне сәйкес – күніне 4 сағаттан және аптасына 5 күннен аспайтын уақыт жұмыс істейді.

Алғаш рет astana-jasylel.kz мамандандырылған цифрлық порталы әзірленіп, іске қосылды, соның арқасында жастарды жұмысқа орналастыруға өтінім беру процесі толықтай цифрландырылды.

30 мамыр күні сағат 09:00-де astana-jasylel.kz сайтында қала саябақтарында маусым айында жұмыс істеу үшін өтінім қабылдау ашылады. Бұл кезеңде 100 жұмыс орнына квота бөлінген.



МЕКТЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Астанадағы барлық білім беру ұйымдарында 1-сыныпқа құжат қабылдау басталды, деп хабарлайды.

Құжат қабылдау оффлайн және онлайн форматта жүргізіледі. Онлайн қабылдау жүйесі штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар платформада жекелеген техникалық ақауларға байланысты қажетті жұмыстар жүргізіліп жатқаны хабарланды.

1-сыныпқа қабылдау үшін төмендегі құжаттар қажет:

- ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші;
- №065/у нысанындағы медициналық анықтама;
- баланың №052-2/у нысанындағы денсаулық паспорты;
- көлемі 3×4 см болатын 2 фотосурет.

Құжат қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады.

30-31 МАМЫР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.

№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі





ТАБЫСТЫҢ КЕПІЛІ – МӘҢГІ ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУ КӨРШІЛІК

27-29 мамыр күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Мемлекеттер басшылары келіссөздер барысында Қазақстан мен Ресей арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің және одақтастық қатынастардың қазіргі жай-күйін, сондай-ақ оны нығайту перспективасын талқылады. Жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіліп, екіжақты құжаттарға қол қойылды. 28 мамырда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен Еуразиялық экономикалық форум өтті.

ЕКІ ЕЛ ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Тәуелсіздік сарайында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей басшысын өзі күтіп алды. Мәртебелі мейманның құрметіне Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің әскери ұшақтары Ресей туын бейнелейтін ақ, көк және қызыл түсті жолақтардан із тастап ұшты. Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Салтанатты рәсім аяқталған соң президенттер келіссөз жүргізді.

Қазақстан Президенті Ресей басшысына ілтипат білдіріп, елімізге мемлекеттік сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты. «Бұл сапардың елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды дамыту тұрғысынан мәні зор. Сонымен қатар Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде де айрықша мәнге ие деп ойлаймын. Өйткені біздің елдеріміз алып Еуразия кеңістігінің өзегі саналады. Осы орайда екі мәселені ерекше атап өткім келеді. Біріншісі, елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастардың жеті негізі туралы бірлескен мәлімдеме. Жеті – қасиетті сан. Құжат өте мазмұнды. Бұл жөнінде баспасөз конференциясында толығырақ айтамын. Оны өзім қарап, түзетулер енгіздім. Аталған мәлімдеме екі ел жылнамасына маңызды оқиға ретінде енеді деп сенемін. Екіншісі, Қазақстанда атом электр станциясының құрылысына қатысты келісімге қол қою. Осы жобаға қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. АЭС құрылысы туралы келісімнің стратегиялық мәні жөнінде айта беру артық. Бұл бәріне түсінікті. Біз – достас, бауырлас елдерміз. Ортақ бай тарихымыз бар, мәдени дәстүрлеріміз бен халықтарымыздың менталитеті бір-біріне ұқсас. Біз халықтарымыздың түпкілікті мүддесіне сай жұмыс істейміз. Азаматтарымыз мемлекеттеріміздің достығы мен ынтымағы сақталғанын қалайды. Одан әрі өркендеу үшін баршамызға бейбітшілік қажет» деді Мемлекет басшысы.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа сапармен келуге шақырғаны үшін алғыс айтты. «Былтыр бізге мемлекеттік сапармен келгеніңізге қуандық. Сол кезде ғасырлар бойы, соның ішінде бір мемлекет аясында қалыптасқан халықтарымыз арасындағы берік достық пен өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестігімізді кеңейту бағытында тағы да алға қарай қадам жасадық» деді Владимир Путин.

ЕШҚАНДАЙ ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕ ЖОҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин келіссөздерді ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғастырды. Мемлекет басшысы Ресей Президентінің Қазақстанға жасаған сапары жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы қарым-қатынастардың ерекше сипатын көрсететінін атап өтті. «Қазақстан үшін ең әуелі Ресеймен жақын әрі достық байланыстар айрықша маңызды десек, артық болмайды. Бірлескен күш-жігердің арқасында екіжақты ынтымақтастық барлық салада сенімді түрде дамып келеді әрі оны мемлекетаралық байланыстардың нағыз үлгісі деп атауға болады. Елдеріміздің арасында ешқандай шешілмеген мәселе жоқ. Тек оң динамика байқалады. Осы қарқынды сақтап, жаңа жобалар мен бастамалар арқылы ынтымақтастықты дамыта береміз. Бұл орайда бүгін қабылданатын «Қазақстан және Ресей халықтары арасындағы достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы» бірлескен мәлімдеменің маңызын ерекше атап өткім келеді. Аталған құжат қарым-қатынасымыздың сипатын танытады және оны ұзақмерзімді негізде тереңдетуге бейіл екенімізді көрсетеді» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлемдегі күрделі ахуалға қарамастан, екіжақты ықпалдастық, әсіресе, экономика саласында табысты өрбіп келеді. Өңіраралық ынтымақтастық форумдарын өткізу дәстүрге айналды. «Ресей Қазақстан экономикасына қаржы құйған елдердің арасындағы ең ірі инвестор саналады. Қазақстанның Ресей экономикасына салған қаржысы 9 миллиард доллардан асты. Бұл – өте жақсы көрсеткіш, екі ел президенттерінің әкімшіліктері мен үкіметтерінің бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі. Осы қарқынды ары қарай жалғастыруға уағдаластық. Бүгінде инвестицияның жалпы көлемі 53 миллиард доллар болатын 177 бірлескен жобаның пулы жасақталды, оның ішінде 122-сі іске асырылды, яғни, операциялық кезеңге өтті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық айрықша назар аударуға лайық. «Жуырда Астанада қала тұрғындары мен қонақтары ерекше ықыласпен қабылдаған Қазақстандағы Ресей күндері өтті. Маңызды оқиғалар қатарында былтыр елордада «Қазақстан мен Ресей мәңгі достығы аллеясы» және Мәскеуде Қазақстан мен Ресей достығы скверінің ашылуын айтуға болады. Астанада өтетін үшінші «Болашақ ойындары» гуманитарлық байланыстардың, ең алдымен, елдеріміздің жастары арасындағы ынтымақтастықтың беки түсуіне ықпал етеді. Қазақстандағы «Сириус» жобасын ерекше атап өткім келеді. Мұны қолдаймын, болашақ мамандарды даярлау үшін пайдасы зор деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Владимир Путин тең құқылы және өзара құрметке негізделген Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын жеткізді.

БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Екіжақты келіссөздерден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері алдында бірлескен мәлімдеме жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің мемлекеттік сапарын екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарын дамытудағы маңызды оқиға ретінде қарастыратынын атап өтті. «Ең алдымен, кездесуіміздің қарсаңында жарияланған мазмұнды мақаласы үшін Ресей Президентіне алғыс айтамын. Бұл материалды халқымыз ықыласпен оқыды. Өйткені мақалада тату көршілік пен өзара құрметке негізделген ынтымақтастықты табысты ілгерілету үшін маңызы зор нақты деректер мен пайымдар көрініс тапқан. Бүкіл еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен өркендеуге ортақ жауапкершілік арқалау – Қазақстан-Ресей ықпалдастығының негізгі мәні деген пікірмен келіспеске болмайды. Қазақстан тарапына айтылған жылы лебіздер мен елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға берілген жоғары баға үшін шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президентінің айтуынша, бүгінгі сапар екіжақты ынтымақтастық аясындағы сапалы өзгерістерді айқын көрсетті. «Мұны мынадай объективті көрсеткіштерден аңғарамыз: сауда-саттық көлемі 30 миллиард доллардық межеге жетеді деп болжанып отыр, ал экономикамызға құйған инвестиция бойынша Ресей басқа елдер арасында бірінші орынға шықты. Экономикалық ынтымақтастық аясындағы бастамалар тізіміне 177 перспективті жоба кірді, оның 122-сі операциялық циклге өтті, яғни, іске асырылды. Қазақстан Ресеймен мәңгі достықты және стратегиялық серіктестікті жоғары бағалайды. Біз Ресейді әрдайым Еуразиядағы тарихы бай әрі даму әлеуеті зор мемлекет деп санаймыз. Қазірдің өзінде санкциялар салдарынан туындаған қиындыққа қарамастан, Ресей экономикасы сатып алу қабілетінің паритеті бойынша әлемде – төртінші орынға, ал Еуропада бірінші орынға шықты. Мұны ірі халықаралық қаржы институттарының мәліметтері растайды. Былтыр Ресейдің номиналды ішкі жалпы өнімі 2,5 триллион доллардан асты. Бұл – керемет нәтиже. Ресей табиғи ресурстары мол, инженерлік-ғылыми элитасы мен білікті жұмысшылары бар ел ретінде жаһандық экономикадағы жетекші орнын ешқашан жоғалтпайды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге жетуіне Ресей Президенті Владимир Путин зор үлес қосқанын айтты. «Көрнекті мемлекет қайраткері және әлемдік ауқымдағы саясаткер ретінде Сіз ұлы держава саналатын Ресейдің мәртебесін нығайту жолында дәйекті саясат жүргізіп келесіз. Ресей тікелей араласпаса, бірде бір ірі және елеулі халықаралық мәселе шешімін таппайды. Сіз жаһандық тәртіп түбегейлі өзгеріп жатқан қиын кезеңде ел басқарып, орыс халқы мен Ресей мемлекеттілігі үшін тағдыршешті мәнге ие миссияны абыроймен және лайықты деңгейде атқарып келесіз. Қазақстан Ресей экономикасының дамуына және халықаралық аренада табысқа жетуіне шын мәнінде тілектес» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президентінің мемлекеттік сапары табысты өткенін жеткізіп, екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарының жылнамасына енетініне сенім білдірді. «Бүгінгі қол қойылған құжаттар мен уағдаластықтар Қазақстан-Ресей серіктестігінің сипатына сай. Оның мәні – дәстүрлі достық пен тату көршілік қатынастарды барлық саладағы ортақ прогреске ұмтылыспен ұштастыру. Сіздің сапарыңыздың қорытындысы сан қырлы мемлекетаралық ынтымақтастығымыз айрықша сипатқа ие екенін тағы да растады» деді Қазақстан Президенті.

Ресей Президенті бүгінгі келіссөздердің іскерлік және конструктивті сипаты екі елдің достық және тату көршілік қарым-қатынасына сай келетінін айтты. «Былтыр екі елдің тауар айналымы шамамен 29 миллиард долларды құрады. 30 миллиард долларлық межеге батыл қадам басып келеміз. Таяу арада бұл көрсеткішті те еңсеретінімізге еш күмән жоқ. Бүгінгі сапар мен келіссөздер халықтарымыздың игілігі үшін Ресей-Қазақстан сан қырлы ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға серпін береріне сенімдімін» деді Владимир Путин.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Путин жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан және Ресей халықтары арасындағы достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазақстан мен Ресей президенттеріне өнеркәсіп кооперациясы саласындағы бірлескен жобалар көрсетілді. Бүгінде елімізде 3,5 мың бірлескен кәсіпорын және ресейлік капиталы бар 17 мыңнан аса компания жұмыс істейді. Қазақстан мен Ресей өнеркәсіп кооперациясының портфелі жалпы құны 52,7 миллиард долларды құрайтын 177 бірлескен жобадан тұрады. Осы арқылы 60 мыңнан аса жұмыс орны ашылмақ. Жобалар металлургия, мұнай химиясы және машина жасау салаларында табысты жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Павлодар облысында теміржол саласындағы бағыттама бұрмаларын және тұтас илектелген дөңгелектер өндіруге арналған кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Ең ірі жобалардың бірі – Атырау облысындағы полипропилен өндірісі. Қарағанды облысында бірлескен шина зауыты, Қостанай облысында шойын құймаларынан жүк көліктерінің бөлшектерін шығару жобасы іске қосылды. Қазіргі уақытта химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру және шикізат өңдеуді дамыту бағытында жалпы сомасы 10 миллиард долларды құрайтын 24 жоба жүзеге асырылуда. Аталған өндірістерді іске қосу жаңадан 11 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

ЖҮРГІЗУШІСІ ЖОҚ ЖҮК КӨЛІКТЕРІ ЖҮЙТКИДІ

Қазақстан мен Ресей басшыларына «Астана – Мәскеу» жүргізушісіз жүк көлігі автобағытының іске қосылуы көрсетілді. Екі елдің көлік министрліктері «КамАЗ» жария акционерлік қоғамымен бірлесіп, жүк автокөліктерінің жүргізушісіз қозғалысын сәтті іске қосты. Көліктер «Жаңа жол» өткізу бекеті арқылы Қазақстан-Ресей шекарасын бір уақытта кесіп өтіп, межелі пунктке қарай сапарын жалғастырды. Жүргізушісіз жүк автокөлік құралдары әлемде алғаш рет осындай форматта үш мың шақырымға жуық қашықтықты екі тәулікте жүріп өтіп, сапар уақытын екі есе қысқартты. Жаңа технологияларды қолданудың арқасында бұл бағыт екі тәулік ішінде еңсерілді. Әріптестікті тереңдету мақсатында тараптар жобаны одан әрі дамытатын институционалдық база мен қажетті инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстарын жалғастыра береді.

№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі

ТАРИХИ МҮМКІНДІКТІ МҮЛТ ЖІБЕРМЕЙІК

Мемлекет басшысы «Жаһандық цифрлық бәсекедегі ЕАЭО: жасанды интеллектіге басымдық беру» атты V Еуразиялық экономикалық форумның пленарлық сессиясында сөз сөйледі



ҚҰРМЕТТІ ФОРУМ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ!

Ең алдымен, осы өте маңызды іс-шараға қатысқаны үшін Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттердің басшыларына, байқаушы елдердің көшбасшыларына және барша қонақтарға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Еуразия экономикалық форумы еуразиялық интеграцияны дамытудың өзекті мәселелері бойынша кәсіби әрі нәтижелі диалогтың тиімді алаңы ретінде кеңінен танылған. Бүгін ортаға салған идеялар, бастамалар мен ұсыныстар Интеграциялық одақ аясындағы өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенімдімін.

ЕАЭО – жай ғана өңірлік интеграциялық бірлестік емес, жаһандық экономиканың маңызды субъектісі екенін түсінген жөн. Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңдер кезінде мемлекеттеріміз үйлесімді іс-қимыл арқылы экономикаларының орнықты дамуын, әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алды.

Қазір біздің алдымызда Еуразия экономикалық одағының әлеуетін одан әрі арттырып, қарқынды дамыту жөнінде стратегиялық маңызды міндет тұр. Дүниежүзілік шаруашылық байланыстарының бағдары жаппай өзгеріп жатқан кезеңде біз теріс сипаттағы жаһандық үрдістерге төтеп беру үшін күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Әлемдік нарықтағы ахуал күрделі, тіпті көп жағдайда болжап біле алмайсыз. Өзімізге етене таныс экономикалық сынақтарға қоса, цифрлық салада ауқымды өзгерістер болып жатыр. Бұл көп ұзамай «ойын ережесін» толықтай жаңартады. Осыған орай бүгінгі форум тақырыбының өзектілігі арта түсті.

Жасанды интеллект технологияларының көз ілеспес жылдамдықпен дамуы жаһандық экономикаға ықпал ететін іргелі факторға айналып үлгергенін көріп отырмыз.

Қазақстан «ақылды» платформаларды мемлекеттік басқару жүйесі мен экономиканың негізгі секторларына табысты енгізуде.

Былтыр халыққа Жолдауымда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру жөнінде міндет жүктедім.

Менің ойымша, жаңа технологияларды, әсіресе, жасанды интеллектіні сауда және логистика саласына белсенді енгізу аса маңызды. Кедендік рәсімдерді жеделдету мақсатында ұлттық цифрлық жүйелердің байланысын күшейткен жөн. Бұл нақты уақыт режимінде барлық құжатты тез өңдеуге, кедергілерді анықтауға және жүк ағындарын болжауға мүмкіндік береді. Электрондық цифрлық қолтаңбаны өзара тану бизнес шығындарын айтарлықтай азайтып, ЕАЭО кеңістігіндегі алыс-берісті арттыруға көмектеседі. Өнеркәсіп кооперациясын кеңейтуде жасанды интеллектінің сараптамалық әлеуетін пайдаланудың практикалық маңызы зор. Елдеріміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін агроөнеркәсіп кешеніне интеллектуалды жүйелерді енгізуге басымдық беру қажет. Жаңа технологияларды белсенді әрі жан-жақты қолдану ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер экономикасының қарқынды дамуына септігін тигізетін аса маңызды фактор деп санаймын.

Бүгін біз 2025 жылдың желтоқсанындағы менің ұсынысыма сәйкес, Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдаймыз. Аталған құжаттың басты мақсаты – Одаққа мүше елдердің экономиканың негізгі секторларын цифрландыруға қатысты ортақ ұстанымын қалыптастыру және бір-бірінің мүддесін ескере отырып, жасанды интеллект технологияларын қауіпсіз енгізуді қамтамасыз ету. Орайлы сәтті пайдаланып, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшыларына осы маңызды құжатты әзірлеуге және қабылдауға қолдау көрсеткені үшін ризашылығымды білдіремін. Жаңа технологиялық және экономикалық қалып негізінде қайта құрылып жатқан әлемдік тәртіптің қазіргі кезеңі елдерімізге бірегей мүмкіндіктер ұсынып отыр. Келешектегі позициямызды нығайту үшін оны ұтымды қолданған жөн.

Біз осы тарихи мүмкіндікті мүлт жібермей, барынша пайдалануға міндеттіміз.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Кеше елордада Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы іс-шараларға қатысқаны үшін ЕАЭО-ға мүше елдердің және байқаушы мемлекеттердің басшыларына, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтарға алғыс айтты. «Бүгінгі кездесуіміз ерекше мәнге ие. 2014 жылы дәл осы күні Бірлестігіміздің негізін қалаған Шартқа қол қойылды. Жоғары кеңестің шешімімен 29 мамыр – Еуразиялық экономикалық одақ күні болып ресми түрде жарияланды. Бірлестігіміздің он жылдан астам тарихы бар. Осы уақыт ішінде экономикалық интеграцияны тереңдету бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Атап өтерлік жайт, бұл күндері Астанада Жоғары кеңестің отырысымен қатар, Еуразиялық экономикалық форум өтіп жатыр. Форум қорытындысы сан қырлы іскерлік серіктестігімізге тың серпін беретініне сенімдімін» деді Президент.

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ макроэкономикалық дамудың оң динамикасын сақтап отырғанына тоқталды. «Болжамға сай, 2026-2027 жылдары ЕАЭО елдерінің жиынтық ішкі жалпы өнім өсімі 2,5 пайызға жуықтауға тиіс. Жаһандық нарықтағы тұрақсыздыққа қарамастан, былтыр елдеріміз арасындағы тауар айналымы 95 миллиард доллардан асты. Биыл өзара сауда-саттық көлемі 6 пайызға ұлғаяды деп күтіп отырмыз. Бұл 100 миллиард долларлық межені еңсеруге мүмкіндік береді. Дегенмен халықаралық ұйымдардың жаһандық нарықтағы жағдайға берген бағасы көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қорының баяндамасына сәйкес, биыл әлем экономикасы 3 пайызға дейін баяулайтыны жөнінде айтылып жүр. Әрине, дүние жүзіндегі құрылымдық өзгерістер ЕАЭО-ның экономикалық дамуына да әсер етпей қоймайды. Қазіргі сәтте Бірлестігімізді жаңа жағдайларға бейімдеу, ішкі орнықтылықты нығайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру өте өзекті міндет болып тұр» деді Мемлекет басшысы.

Жоғары кеңестің төрағасы ретінде Қазақстан Президенті интеграциялық құрылымды одан әрі қарқынды дамытуды көздейтін бірқатар стратегиялық басымдықты атады. Сонымен қатар еліміздің ұсыныстарына қолдау көрсеткені үшін әріптестеріне алғыс айтты. «Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдау мақсатымыздың ортақ екенін көрсеткен маңызды шешім болды. Осы саладағы белсенді ықпалдастыққа үміт артамын. Күш-жігерімізді келесі басым бағыттарға жұмылдырудың мәні зор деп санаймын. Бірінші, Еуразиялық интеграцияның цифрлық негізін нығайту. Цифрландыру мен жасанды интеллект арқылы жаңа технологиялық жүйе қалыптастыру кезінде деректерді жедел өңдеу, автоматтандыру және инновацияны жаппай енгізу табыстың негізгі факторына айнала бастады. Сарапшылардың пайымына сүйенсек, әлемде жасанды интеллект технологияларына құйған қаржы көлемі 1 триллион долларлық межеден асты. Алдағы онжылдықта оның жаһандық экономикадағы жиынтық үлесі бірнеше есе көбейіп, 7 триллион долларға жетуі мүмкін. Озық технологиялар еуразиялық интеграцияның қуатты катализаторына айналуы керек. Бұл қазірдің өзінде жүзеге аса бастады. ЕАЭО кеңістігінде осы бағыттағы жұмыс дәйекті түрде жалғасып келеді деп нық сеніммен айтуға болады. Трансформация өндіріс және логистикадан бастап, ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік басқаруға дейінгі барлық саланы қамтиды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектіні енгізу бойынша бірқатар жүйелі шараны қолға алды. «Astana Hub базасында қарқынды ілгерілеп келе жатқан әрі толыққанды стартап-экожүйе қалыптасуда. Елімізде 100-ден астам жаңа жоғары технологиялық компания жедел дамып келеді. Қазақстан технологияны нетто-экспорттаушы мәртебесін ресми түрде дәлелдеді. IT қызметтер экспортының көлемі 1 миллиард доллардан асты. Біздің бастапқы жетістіктеріміз халықаралық деңгейде мойындалды. EGDI (E-Government Development Index) жаһандық рейтингіне сәйкес, Қазақстан 24-орын алады. Ал онлайн қызметтердің сапасы бойынша әлемдегі үздік ондыққа кіреді. Ендігі міндет – осы табысты тәжірибені кеңінен тарату. Астанада Халықаралық Alem.ai жасанды интеллект орталығы іске қосылды. Бұл талантты бағдарлама әзірлеушілер шоғырланған орталық қана емес, жасанды интеллект негізіндегі қолданбалы шешімдерді ойлап табатын әрі енгізетін аймақтағы басты алаң саналады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің цифрландыру саласындағы жетістіктерін, мемлекеттік басқарудағы платформалық шешімдері мен заманауи тәсілдерді енгізу үлгілерін мұқият зерделейміз әрі жоғары бағалаймыз. Одаққа мүше елдердің әрқайсысы цифрлық трансформацияның жекелеген бағыттарында айтарлықтай тәжірибе жинады. Ұлттық құзіреттерді дамытумен қатар бірлескен технологиялық бастамаларды қалыптастыруға белсенді түрде атсалысқан жөн. Үздік тәжірибелер мен тиімді шешімдерді бөлісуіміз керек. Бұл ЕАЭО аясындағы цифрлық дамуды жеделдетіп, экономикаларымыздың бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердегі өндіріс ошақтары мен агроөнеркәсіп кешенін цифрлық трансформациялаудың маңызына назар аударды. Президенттің пайымынша, экономиканы цифрландыру – технологиялық тренд қана емес, бәсекеге қабілетті болудың басты кепілі. «Қазақстан бұл сынаққа ауқымды Цифрлық трансформация тұжырымдасын қабылдау арқылы жүйелі әрекеттермен жауап бермек. Өнеркәсіп секторы мен тау-кен және металлургия кешеніндегі роботтандыру, «бұлттық» шешімдер, ірі кәсіпорындардың «цифрлық телнұсқасы» өнімділікті ұлғайтып, шығынды азайтады. Ауыл шаруашылығын автоматтандыру мол өнім жинауға, су үнемдеуге, қоршаған ортаға зиянды азайтуға септігін тигізеді. Мал шаруашылығына қағаз жүзіндегі құжат айналымынан бас тартып, есептің дәлдігін арттыратын бірқатар цифрлық жүйе енгізілді. Еліміздің түкпір-түкпірінде 650-ден астам «ақылды» фермалар жұмыс істеп тұр. Онда сиыр сауу, бордақылау және микроклиматты қадағалау үрдістері автоматтандырылған жүйелермен жабдықталған. Егін және тұқым шаруашылығында өнімді «егіс даласынан тұтынушы дастарқанына дейін» жеткізу тізбегін қадағалайтын жүйе енгізіліп жатыр. Тыңғылықты жоспарлау мен цифрлық болжау мүмкіндіктерін пайдалану нәтижесінде Қазақстанда екінші жыл қатарынан егін бітік шығып, 27 миллион тонна көлемінде астық жиналды. Бұл – рекордтық көрсеткіш» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаппай цифрландырудан бастап жасанды интеллектіге дейінгі технологиялық прогресс толқыны бірінен соң бірі туындап жатыр. Осылайша, технологиядағы әрбір жаңа белес озық ойлы адамдарға мүмкіндік сыйлайтын келесі соны серпіліске негіз қалайды. Сарапшылардың пікірінше, алдағы 20 жылдың ішінде биотехнология, автономды жүйелер, ғарыш экономикасы, энергияны сақтау, кванттық есептеу секілді маңызды технологиялық үдерістердің тұтас легі пайда болады. Мәселен, ұзақмерзімді болжам бойынша 2035 жылға қарай әлемдік робот техникасы нарығының көлемі 376 миллиард доллардан асады. Виртуалды шынайылық индустриясындағы қаржы айналымы 700 миллиард долларға жуықтайды. Әрине, біздің елдеріміз осы жаһандық жаңашылдықтардан кенже қалмауға тиіс. Еуразиялық экономикалық комиссия перспективті даму бағыттарында нақты тәжірибе алмасуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуі керек деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ЕАЭО-ның сыртқы сауда-экономикалық әлеуетін іске асыру маңызды екенін айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, Одақтың Араб әлемі, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка және Латын Америкасы елдерімен, сондай-ақ беделді өңірлік экономикалық бірлестіктермен байланыстарын одан әрі кеңейту қажет. «Қазір Үндістанмен еркін сауда аймағын құру жөнінде келіссөздер белсенді жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс басқа да қызмет бағыттары сияқты назар аударуға лайық. Менің ойымша, шағын құрамдағы кездесуде Беларусь Президенті өте дұрыс ұсыныс айтты. Еркін сауда аймағын құратын серіктестер де, сондай-ақ байқаушы мәртебесіне ие болатын елдер де мұқият таңдалуы қажет. Яғни бәрін бірдей емес, шын мәнінде белгілі бір талаптарға сай келетін және Еуразиялық экономикалық одаққа пайда әкелетін елдерді қабылдау керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан ЕАЭО органдарына төрағалығы аясында мүше мемлекеттердің ортақ экономикалық әлеуетін нығайтуға, орнықты дамуын қамтамасыз етуге алдағы уақытта да барынша жәрдемдесе беретінін мәлімдеді. «Біз бірлесе күш жұмылдыра отырып, маңызды нәтижеге қол жеткізе аламыз және Одақ аясындағы ынтымақтастықты жаңа әрі сапалы деңгейге шығарамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Былтыр ЕАЭО қызметінің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын табысты аяқтадық. Алдымызда Еуразиялық интеграцияны одан әрі дамыту туралы декларацияда қарастырылған көптеген міндет тұр. Сөз соңында алға қойған мақсаттарға жету жолында баршаңызға табыс тілеймін» деді Қазақстан Президенті.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Армения Республикасының Вице-премьері Мгер Григорян, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Республикасының Вице-президенті Сальвадор Вальдес Меса, Иран Ислам Республикасының өнеркәсіп, кеніштер және сауда министрі Сейед Мохаммад Аттабак және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев сөз сөйледі.

№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі

БЫЛТЫРҒЫ БЮДЖЕТ ҚАЛАЙ АТҚАРЫЛДЫ?

Елорданың 2025 жылға арналған бюджеті қалай атқарылды? Бұл мәселе Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қаралды. Қала әкімінің орынбасары Евгений Глотов қатысқан жиында тиісті қалалық басқармалардың басшылары мен бас қаланың Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев баяндама жасады. Мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек күн тәртібіндегі мәселенің қорытындысын шығарды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қалалық Қаржы басқармасының басшысы Алмат Сейітқұловтың мәлімдеуінше, былтырғы бюджеттің 99,3 пайызы игерілді. Бюджеттің 0,7 пайызының игерілмеуі Құрылыс және Коммуналдық шаруашылық басқармаларының орындаған жұмыстарының акті болмауынан, нысандарды қабылдау актілеріне қол қойылмауынан, мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурстардың өтпеуінен орын алды.

«Игерілмеген барлық қаражат Астана қаласы бюджетінің қолма-қол ақшаны бақылау есепшотында. Бюджет қаражатының қалдықтары түсім түрінде қалды. Олар өз кезегінде жергілікті бюджетті бірнеше нақтылау кезінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінді» деді Алмат Сейітқұлов.

Астана қаласының Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев 2025 жылдың бюджетінің атқарылу есебі мәслихат депутаттарының қатысуымен өткен Тексеру комиссиясының отырыстары мен мәслихаттың тұрақты комиссияларының жиындарында талқыланғанын айта келе, жүйелі түрде кездесетін мәселелерге тоқталды.

Қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева елорданың 5 жылдық даму жоспарын іске асыру өткен жылы аяқталғанын жеткізе келе, сол құжат бойынша 38 мақсатты индикаторлардың орындалуы жоспарланса, соның 24-ті орындалғанын, 12-сі бойынша орындалмағанын, 2-еуі бойынша орындалу әлі сараланып жатқанын айтып өтті. Оның себебі, кейбір салалар бойынша жылдық статистикалық деректер кейін шығады.

Оның айтуынша, жоғарыда аталған жоспарды орындау мерзімінде өңірлік ішкі өнім 33 пайызға өсті. Ал жоспар 29 пайыз болған еді. Өткен жылы елорда экономикасы 11,6 пайызға артты.

Мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек биыл 12 наурызда өткен мәслихаттардың республикалық форумында Мемлекет басшысы депутаттарға бюджетті жоспарлау мен тиімді игеруге ерекше көңіл бөлу керектігін атап өткенін еске салды.

«Осы орайда Астананы одан әрі әлеуметтік дамыту, басқару тиімділігін арттыру және қаржылық тәртіпті нығайтуға қатысты міндеттер шеңберінде мәселені қарадық. 2025 жылдың қорытындысы бойынша бюджеттің орындалуы 99,3 пайыз болғаны айтылды. Өткен жылға қарағанда кіріс 33,5 пайызға өсті. Бұл нәтиже қаланың салық әлеуеті дамуының оң динамикасын көрсетеді» деді Кендебай Адамбек.

Оның айтуынша, бағаның өсуіне қарай халықты әлеуметтік қолдау, тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету, қоғамдық көлікті дамыту және жайлы қалалық ортаны құру мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Қала бюджеті де соған сай әлеуметтік бағытты сақтайды. Қаражаттың едәуір бөлігі білім беруді, денсаулық сақтауды, халықты әлеуметтік қолдауды, мәдениет пен спортты дамытуға бағытталды.

Сессияны түйіндеген Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов елордада шағын және орта бизнес дамып жатқанын, төленген салық есебінен бюджеттің кіріс бөлігі артқанын, бұл өз кезегінде қосымша шығыстарды жоспарлауға мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді. Бұл қаржы әлеуметтік салаға және елорда үшін маңызды ірі жобаларға жұмсалатынын атап өтті. Бюджеттің 99,3 пайызға игерілуі жақсы, ел бойынша ең жоғары көрсеткіштің бірі екенін айта келе, бірлескен жұмыс арқасында бюджетті жоспарлау мен игеру сапасы жыл сайын артып келе жатқанын айтып өтті.



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Астана қаласының Байқоңыр ауданындағы «Қаламгерлер» аллеясында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Ұрпақтар сабақтастығы» қайырымдылық концерті өтті.

Іс-шара 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылды.

Байқоңыр ауданы әкімшілігі мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткізген мерекелік жиынға отызға жуық бала қатысты.

– Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының мүшесі болғандықтан бүгінгі іс-шараға қатысып, балалардың қуанғанын көріп отырмыз. Ұрпақ сабақтастығы жалғасып жатқанына куә болып отырмыз. Қазақтың «Берсең, балаға бер» дегеніндей, балаларды қуанта алғанға жететін ештеңе жоқ. Бүгін ән салып, би билеп, балалардың көңілін көтеруге тырысып жатырмыз, – деді ардагер Қанат Өтешов.

Мерекелік іс-шарада рухты әндер орындалып, балалардың көңілін көтеру үшін ойындар ұйымдастырылды.

– Іс-шараның мақсаты – ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету және өзара көмек пен аға буынға құрмет көрсету еді. Сол үдеден шығып отырмыз. Балалар бүгінгі мерекеде көңілі көтеріңкі, белсене араласып жүр. Бұл жыл сайын біздің назарымыздан тыс қалған емес. Қай кезде де балалардың бақытты болуына ниеттеспіз, – деді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жетекшісі Роза Байсалбаева.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылы 5 маусымда сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы.

2. «Астана қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 352/47-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын мақұлдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 106/14-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жобасын мақұлдау туралы.

4. «Астана қаласы үшін жасанды интеллект базасында қалалық инфрақұрылымды басқару шешімі» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 14 ақпандағы № 265/34-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

6. «Астана қаласында 2030 жылға дейін тұрғынжайды реновациялау бағдарламасы бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №356/47-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

7. Астана қаласында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы туралы.

8. Астана қаласының Терроризмге қарсы комиссиясының құрамы туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы



БАЛАЛАР БОС УАҚЫТЫН ҚАЛАЙ ӨТКІЗУДЕ?

Елордада балалар инфрақұрылымын дамытуға және елордалық медицинаны жаңғыртуға арналған Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Кездесу барысында күн тәртібіндегі алғашқы негізгі мәселе ана мен баланы қорғау жүйесін жаңғырту болды. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері әйелдердің репродуктивті денсаулығын қорғау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Ерекше екпін перинаталдық орталықтардағы медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға және нәрестелер арасындағы аурулардың ерте алдын алу бағдарламаларын күшейтуге берілмек.

Талқылаудың екінші үлкен блогы балалар мен жастардың бос уақытын пайдалы өткізуге қатысты болды. Білім беру, спорт және жастар саясатының бейінді басқармалары шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын қазіргіден де қолжетімді ету жолын бірлесіп іздеуде. Комиссия отырысында тегін және бюджеттік спорт секцияларының желісін кеңейту, жасөспірімдер мен студенттер үшін оқудан тыс кезде бос уақытты сапалы ұйымдастыру, шығармашылық үйірмелерді қаланың жалпы білім беру жүйесіне интеграциялау сияқты мәселелерге назар аударылды.

– Егер балалар мен жасөспірімдерге сабақтан тыс уақытта сапалы әрі қызықты мүмкіндік ұсынбасақ, олардың уақытын көше мен гаджеттердің алмастыруы – заңды. Бізге есеп үшін өткізілетін жалықтырарлық дәрістер емес, жастардың қызығушылығын оятып, шығармашылықпен айналысуына, өз қабілетін дамытуына жол ашатын жанды кеңістіктер қажет. Бұл бағытта медицина, спорт және білім беру салалары өзара үйлесімді жұмыс істеуі тиіс, өйткені отбасы институтын қорғау біртұтас жүйелі көзқарасты талап етеді. Осындай кешенді жұмыс қана дені сау, белсенді ұрпақ қалыптастыруға мүмкіндік береді, – деп түйіндеді сөзін Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан.

ГРАФФИТИЛЕРДІ ТАЗАЛАДЫ

Елордада «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығының еріктілері қала көшелерінде есірткі жарнамасына қарсы граффитилерді бояу акциясын өткізді.

Шапағат ӘБДІР

Акция барысында еріктілер Сарыарқа ауданы аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қабырғаларына, гараждар мен аялдама мандарына, жаяу жүргіншілер өткелдері мен қоғамдық орындарға заңсыз жазылған есірткі сайттарының сілтемелері мен жарнамалық граффитилерді арнайы бояулармен өшірді. Сонымен қатар қатысушылар ауданның адам көп шоғырланатын аумақтарын аралап, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шараның негізгі мақсаты – жастар мен қала тұрғындары арасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне деген теріс көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ қала кеңістігін тыйым салынған заттарды насихаттайтын заңсыз жазулардан тазарту. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай граффитилер көбіне жасөспірімдер мен жастарды заңсыз әрекеттерге тартудың бір құралына айналып отыр. Сондықтан еріктілер тек жазуларды өшіріп қана қоймай, қоғам назарын нашақорлық мәселесіне аударуды көздейді.

«Біздің басты мақсатымыз – жастарға есірткінің болашағын бұзатын қауіпті індет екенін түсіндіру. Қала көшелеріндегі заңсыз граффитилерді жою арқылы біз тек қоғамдық кеңістікті тазалап қана қоймай, жастардың санасына дұрыс құндылықтарды сіңіруге үлес қосқымыз келеді. Осындай акциялар арқылы қоғамды бейжай қарамауға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз» деді «Астана жастары» Жастар ресурстық орталығының маманы Анель Әділқызы.



№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі

ҰЛТТЫҢ ҰПАЙЫН ТҮГЕНДЕЙІК

Қазақстанда 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде аталып келеді. Бұл сонау XX ғасырдың басындағы зобалаң аштық нәубеті, репрессияға ұшыраған ұлт қайраткерлерін еске алу, дәріптеуге бағытталған. Әлі күнге дейін қоғам арасында қазақ халқының тарихында орын алатын зұлматты кезеңдер, ақтаңдақтар түбегейлі, егжей-тегжейлі зерделеніп бітпегені ұдайы айтылып жүр. Осыған орай Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Смағұл ЕЛУБАЙДЫ сұхбатқа тартқан едік.



– Біз Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары күнінің түпкі мән-мағынасын ұғына алдық па?

– Бұл күн тарихи тұрғыда белгіленгені дұрыс болды. Ашаршылық, репрессия құрбандарына арналған атаулы күн күнтізбемізде тұруы керек қой. Біз мұның түпкі мән-маңызын толық ұғынып үлгерген жоқпыз. Оның бір ғана тетігін айтайын. Қазақстан 1918-1919 жылы, 1921-1922 жылы, 1931-1932 жылдары аштық нәубетін тартты ғой. Сол зұлматты шақтарда жер жастанған 4 миллиондай адамның тағдырын ұдайы айтып, мәселе етіп көтеріп келеміз. Бірақ бір айтылмай келе жатқан дүние бар. Егер ашаршылық болмағанда әлгі 4-4,5 млн қазақ бүгінде қанша болар еді. Қазір 14,5 млн қазақпыз. Әгәрда 120 жылдың ішінде ашаршылық болмағанда, қанша адам өмірге келер еді? Сондай-ақ олардан бүгінге дейін қанша ұрпақ тарайтын еді?! Бұл жағын біздер ешуақытта есепке алмай келеміз. Мұны арнайы санамалауға болады. Бәлкім, ешқандай ашаршылық, зобалаң, ешбір азаматымыз құғындалып, зәбір көрмегенде тым құрығанда қазіргі таңда 100 млннан асып жығылады екенбіз. Яғни, біз өмірге келмеген, дүние есігін ашпаған, нәубет көріп, жер жастанған осыншама тұтас халықты есепке алмай тұрмыз. Қасіретті үш ашаршылық болмағанда санымыз да, сапамыз да артар еді. Өйткені біздің кең сахара сондай халыққа сұранып тұр ғой.

1920-1921 жылдары Орта Азияға Түркістан республикасын басқаруға өкіл келді. Ол келіп баяндама жасады. Онда «Марксистік экономикалық тұрғыдан келетін болсақ, қазақ тәрізді экономикадан артта қалған халық, жойылып кетуі тиіс» дейді. Міне, осы жерді көгертуге жіберіліп тұрған басшысының көкіп тұрған, құйтырқы, жымысқы болмағыр сөзі бұл. Сол кездегі орын алып жатқан қасіретті оқиғаларды заңды құбылысқа балайды. Бұл Иосиф Сталин басқарған Коммунистік партия басшылығының ұстанымын жеткізді. Қызыл террор қазақ деген халықтың аман қалуына мүдделі болмады. Тыйым салынған архивтер, құпия құжаттар оқта-текте ашылып жатыр. Сол тұста Қызыл империяның тізгіншілеріне «қазақ қырылып жатыр» деген хаттар, хабарлар барады. Сонда Кеңестер Одағының көсемі Сталин «Так и надо желтым заразам» деген сөзді айтып, елемей қойды дегенге сенбеуші едік. Бүгінде көзіміз жетіп, деректері дәйектеле бастады. Оның сөйлеген сөздері хаттамаларға жазылып қалған. Онда да қазақ халқының аман-есен қалуына ынталы еместігі байқалады. Қылышынан қан тамған Қызыл империяның қазақты тықсыртуы, жеккөруінің себебін ешкім айта алмайды.



– Қазіргі қоғамда «Қызыл империямен тіреспегенде, одан да бағынғанда, алым-салығын төлеп отырғанда опатқа ұшырамас едік» деген пікірлер де бар. Сіз қалай ойлайсыз?

– Бұл – өте қате пікір. Оның алдыңғы кезеңін айтпағанның өзінде 1918 жылдан бастап қазақты тонау, бермегенін тартып алу басталды. Өйткені қазақ жұртында мал-мүлік көп еді. 1918-1920 жылдары Азамат соғысы жүріп жатты. Екі тарап та қазаққа қасірет әкелді. 1922 жылдан бастап, Ленин «Соғыс коммунизмі саясаты» дегенді ойлап тапты. Ол уақытта әскер мен қала халқы қырылуға айналды. Сонда Қазақ елінде 40 млн шамасында төрт түлік мал болды. Соны қалайда алу керек болды. Сөйтіп соғыс кезінде «Сенікі менікі деген болмауы керек. Коммунизм орнатамыз» деген желеуді алға тартты. Халықтың малын күштеп, зорлап дүние-мүлкін қинап алды. Содан 1933 жылы небәрі 4 миллионға жуық мал қалды. Осылайша орталыққа вагондап тиеп әкетті. Ал күн көрісін тікелей төрт түлікке бағыттап қойған жұртымыз қолдан әдейі, қасақана жасалған жұтқа ұшырап, аш-жалаңаш босып кетті, жер жастанды, аштықтан қырылды.

1924 жылдан бастап Қазақстанды басқаруға Филипп Голощекин келді. Бұл нағыз сол Сталиннің оң қолы болып, Николай патшаны өз қолымен атып өлтіруге бұйрық берген адам-тұғын. Голощекиннің Сталинге жіберген телеграммасы да жарияланып жатыр. Онда «қазақ деген надан халық, сондықтан бұл жерде Кіші Октябрь революциясын жасауымыз керек» деген қаскөй һәм арам пиғылын жеткізеді. Осылайша қарумен кірісіп, күштеп мал-мүліктерін алып, жергілікті халықтың ту-талақайын шығарады. Коллективизация ұйымдастырып, ауқатты қазақтарды тонап, ел-жұртты босытып, аштықты қолдан жасады. Ата-бабамыздан қалыптасқан жаз жайлау, қыс қыстауға баратын дәстүрді бұзды. Содан кейін мал да қырыла бастайды. Бұл 1931-1933 жылдар аралығын қамтыған үлкен нәубетке айналды. Голощекин де қазаққа жақсылық жасамады.

– БҰҰ деңгейінде халықаралық дәрежеде «ашаршылықты» ресми мойындата алмауымызға не себеп?

– Бұл жерде көптеген себептер бар. Біздің зиялы қауым ашаршылықтың себеп салдарын, мағынасын аша алмады. Геоясатқа әлі де жалтақтап отырмыз. Осындай кілтипандар қолды байлап, аяқты тұсап тұр. Қазақстандағы ашаршылықты әлемге мойындату күрестің бір түрі дер едік. Ол үшін бір қозғалыс туғаны дұрыс. Сөйтіп деректі фильмдер түсіріп, зерттеулер жасап БҰҰ сияқты бүкіләлемдік ұйымдарға, халықаралық қорларға танытайық. Деректерді топтап, құжаттарды хаттап ұсыну керек. Сонда ғана дүние жүзіне мойындата аламыз. Айта кетейік, сол кездің өзінде ашаршылықтың зардабы әлемдік ұйымдарға жеткізілген. Бірақ, ол кезге қарағанда бүгінгі мүмкіндігіміз зор.

– Неге «Ақ боз үй» жалғыз?

– «Ақ боз үй» шығармасы жалғыз деп айта алмас едім. Бұл роман болып жазылып, орыс тіліне аударылды. Сондай-ақ ағылшын тіліне тәржімаланып, АҚШ-та жарық көрді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы кітаптың желісімен көркем фильм түсірілуіне жол ашты.

Өзім ғана ашаршылық, қуғын-сүргін тақырыбын қозғадым десем әбестік болар. Әр жерде жазылып, зерделеніп келеді. Тіптен Қазақстанның Халық жазушы Төлен Әбдік 1980 жылдардың өзінде зобалаң кезеңдерді қолға алып, қалам тербеген. Әрине, әлі де бұл тақырыпты қаузай түсу керек. Әсіресе кейінгі жас қаламгерлер қазақ халқының қасіретті шақтарын, азып-тозып кеткен сәттерін талдап, қоғам назарын аудара білсе деген изгі ниетіміз бар. Сонда ғана дүние тарихымыз түгенделеді, төл әдебиетіміз құнды жәдігерлермен толыға түседі.

– «Ашаршылық пен қуғын-сүргінді екі атаулы күн ету керек» деген ой-пайымдар білініп қалады. Сіздің көзқарасыңызды білсек...

– Ашаршылық пен репрессия бір атаулы күн болып қала бергені дұрыс. Екеуі бір-бірін көлегейлемейді. Себебі екеуі де – бір саясаттың құрбаны. Бұл – сол кездегі Большевизм жасаған геноциді. 1931-1933 жылдарға дейінгі ашаршылық пен 1937-1938 жылдардағы репрессияны тарихшылар, жылнамашылар, зерттеушілер қойыртпақ қылмайды. Қайта екеуінің де зардабын айта беру қажет. Бұлардың арасы 4-5 жылға созылған тарихи заман ғой.

Біздің әр өңірлерде ашаршылық туралы естеліктер шықты. Сол заманның көрген кәугерлері естелік айтып, деректері қағазға түсті. Бұл да жақсы, тәуір дүние болды. Мұндай қадамдарды тоқтатпаған жөн.

– Жылда естелік айту, ас берумен ғана шектеліп жүрген жоқпыз ба?

– Сөзіңіздің жаны бар. Марқұм, көрнекті тарихшы Талас Омарбекұлы Мәскеуге барды, мұрағаттарда отырды, бұл тақырыптарды зерттеді. Міне-ки, осындай әрекеттер әлгінде айтқанымдай тоқтаған жоқ. 31-мамыр жақындаған сайын дүрілдетіп айтуымыз керек. Әйтпесе, бұл тақырып қазіргі жас ұрпақтың санасына жетпей, сұйылып, ұмытылуы мүмкін. Ал ашаршылық құрбандарын еске алмау, оған бей-жай қарау – сұмдық мәңгүрттік. Бұл сол ашаршылықтың өзінен де артық, өте үлкен ұятты іс болар еді. Бейбіт заманда көйлегіміз көк, қарнымыз тоқ кезде миллиондаған жер құшқан халқымызды, тарихты елемеу қылмыспен бара-бар. Мұны ешқашан ұмытуға болмайды. Мұны барған сайын тереңдеп ұға түскеніміз жөн.

Әр аймақ ашаршылық көптеп орын алған, қараусыз қалған жерлерге белгі қойып, еске алғаны абзал деп санаймын. Керек десеңіз, зобалаңда көз жұмған адамдардың аты-жөндерін сол белгі тақтайшаға жазып, мемориалдық кешен ашып қойса да артық болмайды.

– Кезінде аштықтан, қуғын-сүргіннен жан сауғалап талай қазақ әлемге тарыдай шашылды. Атамекенге ораламын деген қандастарға көшті жандандыратын кез келді ме?

– Әлбетте! Бұл көшке жан бітіру керек. Қандастарға байланысты көші-қон процестерін дұрыстап, бүгінгі заман талаптарына лайықтап қолға алатын кез жетті. Қазіргі таңда сыртта Қазақ еліне келгісі келетін ел көп. Үнемі айтып келеміз. Қандастарға құжаттық, тілдік тұрғыда ешқандай кедергі, тосқауыл қойылмауы керек. Бұл жандардың біразы – нәубет замандағы сыртқа кеткен қазақ жұртының ұрпағы. Шетелде қазақ тілін оқыған жоқ. Бар болғаны отбасы-ошақ қасында үйренді. Ол түгілі Қазақстанда жүріп қазақ тілін үйренбей, сөйлемей, білмей жүргендер жетерлік. Сотталмағаны туралы анықтама, анау-мынау құжаттарың қайда деп бас қатырамыз. Олай болмауға тиіс.

Кеңес өкіметі құлағанда неміс-тер Германияға қайтты. Сонда әр неміс келіп жатқанда ұшақтан түсе сала, құжаттарын рәсімдеп берді, кейін жағдай жасады.

Қандастарға байланысты «Көші-қон саясаты министрлігін» құру қажет. Бұл бастаманы әрдайым қозғап жүрміз. Өйткені сыртта әлі де 5 миллиондай қазақ жүр. Мәселен, Таяу Шығыста соғыс өрті тұтанып тұр. Қытайдың да жағдайы белгілі. Бүйте берсе, сырттағы қазақ бауырларымыз ассимиляцияға түсіп, қазақтан айырылып тынатын түріміз бар.

Біздің солтүстіктегі облыстарда халық саны азайып, жұмыс күші тапшы болып барады. Ауылдар босап, кейбір қалалар қаңырап қалуға айналды. Павлодар, Петропавл, Қостанай, Өскемен сияқты қалаларға Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ресей, Түркия сияқты елдерден келетін қандастарды апарып қоныстандырайық. Егін егіп, мал ұстап, тері өңдеп, ет-сүт өңдейтін кәсіпорындар ашып жатса, тегін гранттар, қайтарымсыз көмек көлемі артып, үй-жай, жер бөліп берейік. Қазақ «елге ел қосылса – құт» деп бекер айтпаған.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

«АЛЖИР» ЖӘДІГЕРЛЕРІ ТОЛЫҚТЫ

Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының зайыбы Гүлсім Жәмиқызының тұтынған заттары «АЛЖИР» музейіне тапсырылды. Бұл жәдігерлер осы күнге дейін Алматы қаласында тұратын қайраткердің ұрпақтары Гүлнар мен Қаршыға Нарманбетқыздарында сақталды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алаш арысының шөбересі Қайырбек Кемеңгердің айтуынша, Гүлсім Жәмиқызы 1942-1946 жылдары НКВД-ның Сібірдегі бір нүктесі – Свердлов облысындағы «Волчанстрой» еңбек лагерінде 4 жыл отырды. Соғыстың аяқталуына байланысты рақымшылыққа ілігіп, мерзімінен ерте босады. 1982 жылға дейін Алматыда қызы Зайра мен немере-жиендерінің қолында тұрды. Өмірінің соңғы жылдарында Омбы облысының Шарбақкөл ауданындағы Жанан ауылына, ұлы Нарманбеттің қолына келді. Немереден шөбере сүйіп, 1988 жылдың 4 маусымында 84 жасында дүниеден озды. Оның қырық күндік асы берілген күні «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қаламгер Кемеңгеров» атты Рәзия Рүстембекованың мақаласы жарық көрді. Бұл мақала Қошкенің шығармашылығын таныстырып, мұрасын зерттеуге жол ашты.

Бір айта кетерлігі, жуырда «АЛЖИР» музейінде Қошке Кемеңгерұлының туғанына 130 жыл толуына арналған «Алаш мұрасының зияткер ұлт қалыптастырудағы маңызы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Онда қайраткер тұлғасы мен қызметі, шығармашылығы жанжақты сөз болды. Атап айтқанда, журналистігі, ауылшаруашылық саласындағы ғылыми-танымдық еңбегі, тарихты зерттеуі, Мағжан мен Қошке арасындағы үндестік, т.б. мәселелер әңгіме өзегіне айналды.



№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі



ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРДАҒЫ АТАУЛАРДЫҢ МӘНІ ҚАНДАЙ?

ХХ ғасырдың 20-30-жылдары қазақ халқының арғы-бергі тарихындағы ең бір қасіретті кезең болды. Большевиктер құрған советтік қызыл империя халықты ата кәсібі, ұлттық экономикасының өзегі, тіршілігінің негізгі көзі болған төрт түлік малынан айырып, мәжбүрлі түрде «Қазақстандағы Кіші Қазан» бағдарламасын орындау арқылы қазақ даласына бұрын-соңды болмаған алапат ашаршылық әкелді.

Халықтың жартысынан астамын жалмаған аштық елді есеңгіретіп, санасын сансыратып кетті. Біртұтас жұртты бай-кедей табына бөліп, бір-біріне қарсы қойды. Бай, жартылай феодал, орта шаруа деп таныған-дарын тап жаулары деген айыппен абақтыға қамап, атып-асып, жер аударды. Сталиндік-большевиктік биліктің солақай саясаты мен шектен шыққан озбырлығына қарсы шығып, халқының азаттығы мен тәуелсіздігі, жерінің тұтастығы үшін күрескен ұлттың ең көрнекті қайраткерлерін, маңдайалды көшбастар зиялыларын, көзі ашық, көкірегі ояу бас көтерер оқыған азаматтарын «контрреволюционер», «буржуазиялық ұлтшылдар», «шетелдің шпиондары», «халық жаулары» деген жалған айып тағып, жаппай-қуғын-сүргін құрбаны қылды. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы сияқты халқымыздың ең қалаулы ұлдарына, Алаштың ардақты азаматтарына осындай жалған айыптар тағылды, ату жазасына кесілді. Олардың атын атауға тыйым салынып, халық жадынан біржола өшірмек болды. Тәуелсіздік қарсаңында бірқатар белгілі тұлғалар ақталып, олардың мұрасы жан-жақты зерттеле бастады. Алайда жазықсыз жапа шегіп, әлі ақталмаған азаматтар мен зұлмат жылдар құпиясын сақтап, мұрағаттарда жабулы жатқан құжаттар көп еді.

Қазақ тарихының осы бір қилы заман, қаралы кезеңін жан-жақты зерттеу аса маңызды елдік іс болғандықтан, 2020 жылы Мемлекет басшысының сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы жарлығы шығып, Мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссия аясында түрлі сала ғалымдарынан құрылған жұмыс топтары мұрағаттарда (архивтерде) сақталған құжаттарды зерделеп, көп жұмыс атқарды. Ол жұмыстар негізінде саяси қуғын-сүргін мен заңсыз қудалаудың құрбаны болған жүздеген, мыңдаған қазақстандықтар ақталып, олардың құқығы қалпына келтірілді. Осы жоба аясында біз жетекшілік еткен жұмыс тобы большевиктік-сталиндік саясатты жүзеге асыру үшін идеология құралы ретінде, мақсатты түрде қолданылған советтік ұғымдар мен терминдерді ғылыми тұрғыдан саралап, олардың шынайы мәнін ашумен айналысты. Атқарылған жұмыс нәтижесі ретінде «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін барысында қолданылған терминдер мен түсініктер жинағы (глоссарий)» дайындалып, басылып шықты. Мұндай еңбекті дайындауға лингвистермен бірге белгілі тарихшы, саясаттанушы, заңгер ғалымдар да қатысты.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары кең көлемді архив материалдарын жан-жақты талдау, оның ішінде жаңадан құпиясыздандырылған өнірлік, аудандық архивтерден табылған тың деректерді зерделеу, сондай-ақ бес жүзден аса «партиялық-кеңестік» деп аталатын орталық билік органдарына, облыстық және аудандық кеңестерге дейінгі актілер, жарлықтар, қаулыларды қабылдау процедурасы мен мазмұнына жасалған ғылыми-құқықтық сараптама қорытындыларының нәтижелері, тиісті партиялық комитеттердің басшылығы тарапынан «халық пен еңбекшілер» атынан қабылдаған саяси шешімдерді өкілді және атқарушы органдардың көшірме жасағаны, ал оның шын мәнінде халықты алдау мен саяси бүркеме (камуфляж) екені туралы қорытындыға келді.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары жаппай саяси қуғын-сүргінді бағалауға келгенде, жазалау актілерін қабылдаудың және оларды іске асырудың шынайы авторларын – большевиктік билікті: большевиктік-лениндік, большевиктік-сталиндік және т. б. атау объективті дұрыс және негізделген деп санайды. Сондықтан Мемлекеттік комиссия коммунистік насихат мақсатында арнайы әзірленген «кеңес үкіметі», «пролетариат диктатурасы», «еңбекшілер билігі» және т. б. терминдердің орнына «большевиктік-лениндік билік», «большевиктік-сталиндік билік», «большевиктік-сталиндік режим», «большевиктік-коммунистік билік» терминдерін қолданды, яғни Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін бойынша саяси шешімдер мен заңнамалық-нормативтік актілерді қабылдаған жауапты органдар өз атымен аталды.

Бұрмаланған тарих пен саяси жүк артылып, айыптау тетігіне айналған терминдерге бұғаудан босаған сана, халықаралық ғылыми пайым тұрғысынан баға берілді. Советизмдер мен қуғын-сүргін кезеңін бейнелейтін атаулар мағынасындағы, сөз астарындағы тұтас ұлтты, оның мәдениеті мен дәстүрін кемсітетін, елдің азаттыққа ұмтылған еркін ойын кінәлайтын, халықтың озық ойлы азаматтарын айыптайтын, мақсатты саяси бұрмалаушылықтар анықталды.

Көпшілікке ұсынылып отырған осы глоссарий (сөздік) 1920-1950-жылдардағы ашаршылық пен қуғын-сүргінге қатысты 500-ден астам термин мен ұғымды қамтиды. Бұл сөздікке енген «халық жауы», «тап жауы», «бай-кулактар», «жартылай феодалдар», «бандылар», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «ұлтшыл-фашистер, «пантюркистер», «панисламистер», «бүлікшілер», «көтерілісшілер», «саботажшылар», «диверсанттар», «тыңшылар», «шпиондық жалдаушылар», «ұлтшылдар», «әлеуметтік жат элементтер», «антисоветшілдер», «бүлдіруші топтар» және т. б. советтік терминдер арқылы айып таңбасын таққан әкімшіл-әміршіл жүйе жүздеген мың қазақстандықтарды саяси қуғын-сүргінге ұшыратты, жазықсыз соттады және жер аударды, елден еріксіз қоныс аударып, көрші елдерге көшуге, Қазақстаннан қашуға мәжбүр етіп, жаппай босқынға ұшыратты. «Байтұрсыновшылдық», «шоқаевшылдық», «қожановшылдық», «мыңбаевшылдық», «тоғжановшылдық», «сәдуақасовшылдық», «сейфуллиншілдік», «төреғожиншілдік», «пантүркизм», «панисламизм», «паназиатизм» деген жалған айыптаулар арқылы ұлт элитасын жасанды түрде жікке бөліп, қазақты қаймағынан, ұлттық санасынан, беткеұстар азаматтарынан айырды. Ал «Кіші Қазан», «үлкен террор», «көзін жою», «жасырын қуғын-сүргін», «қасапшылар», «азаптау саяжайы», «алып тастау», «ату тізімдері», «жертөлеге түсіру», «қандалалы қапас», «іріген тұтқын», «шұңқырда тергеу», «керу», «қақшиту», «шоңқиту», «мәңгірту», «құпия таңбалау» сияқты терминдер, арго-жаргондар қырып-жоюдың ауқымы мен сталиндік-большевиктік биліктің қандықол жендеттері қолданған, азаптау тәсілдерін білдіреді.

Түйіндеп айтқанда, бұл терминдер сталиндік-большевиктік биліктің бет-бейнесін, әкімшіл-әміршіл жүйенің айуандық, озбыр әрекеттерін, адамдықтан жұрдай кескін-келбетін айқын көрсетеді. Бұл терминдер – қуғын-сүргін, ашаршылық құрбаны болған миллиондардың көрген азабы мен тозағын, шеккен жапасы мен қамаудағы қапасын, ұлттың жан жарасын айғақтап тұрған тілдегі таңба, тарих бетіндегі дерек.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі

БІР УЫС БИДАЙ

Тып-тыныш, бақуатты өмір сүріп жатқан қазақ елін басқаруға орталық коммунистік партиядан Ф.И.Голощекин тағайындалды. Оның қазақ еліне жасаған Кіші революциясы халықты жаппай ашаршылыққа ұшыратты. Елімізде Лениннің продразверстка бағдарламасын іске асыру жоспары мен халықты күштеп коллективтендіру науқаны басталды. Қазақтың жалғыз тіршілік көзі болып отырған малын жаппай күштеп тартып алды.

Халықтан алынған малды «азықтүлік жоспарын орындау» деп қажетсіз сойып тастады, тау-тау боп үйілген малдың еті босқа рәсуа болып бұзылып жатты. Малдың жемшөбі болмағандықтан, мал жаппай аштан қырылды. Өз тамағын өзі тауып жейтін жылқы малын «ауру» деп таудың сайына қамап, пулеметпен қырып тастады. Үкіметтің негізгі саясаты – қазақ даласының сахарасындағы қазақты аттан түсіріп, жаяу қалдыру. Жаяу қалған қазақ еріксіз отырықшы қазаққа айналады. Дәстүрлі өмір сүру дағдысын бұзған соң, тіршілік көзінен айырылғаннан кейін қазақтың рухы мен еңсесін түсірді, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кетуіне қауіп төнді.

Малынан айырылған елдің жайы күннен-күнге төмендеп, тоз-тоз боп кетті. Бұған қоса, «апат жалғыз келмейді» дегендей, сүзек ауруы да жайылды. Ақсуат ауданының Көкжыра жерінде тұрған Тәңірбергеннің әкесі мен шешесі қатты ауырып жатты. Сол сұрапыл жылдары кеш келген көктем, баспалдап келген сүзек әке-шешесін фәниден бақиға алып кетті. Тәңірберген бар-жоғы он екі жаста еді, онымен бірге қарындасы Баян тоғыз жаста, Інжу бес жаста, Бақберген үш жаста қалды. Үйдегі тіршілік Тәңірбергеннің мойнына түсті, қаптағы бидайды мөлшерлеп алып, ыстық суға қайнатып, бөрттіріп, кейде қазанға қуырып, талқан жасап, бауырларына талғажау етеді. Ауылдағы үйлерді аралап, кім не береді деп тамақ іздеп келеді, кейде сойылған малдың ішек-қарны, сирақтар бұйырады, соны үйге әкеліп, бауырларына қорек етеді. Туыстары әрі ойлап, бері ойлап, бір жесір келіншекті «осы үйге ие бол» деп Тәңірбергенге атастырады. Біраздан кейін ол келіншек кетіп қалады. Қарындасы Баян ұзаққа созылған жөтелмен ауыратын. Бір күні қарындасы Баян: «бүгін сенің қасыңда ұйықтайыншы» деп сұранды, мен «жарайды» деп келістім. Таңертең оянсам, Баян мені құшақтап жатып о дүниелік болып кетіпті. Қайғы, қасірет, әлімжеттік жайлаған жаман заман туды. Бір күні сандықтың үстіне төсек салып, екі бауырымды екі жағыма алып ұйықтап жатқанбыз. Түн ортасы, бетін жауып алған 5-6 адам есікті бұзып кіріп келді де, аяғымыздан жұлып-жұлып жерге тастай салып, сандықтағы жарты қап бидай мен біраз тарыны алып кетті. Аштық жайлаған жерде әлімжеттік бірге жүреді, сен жетімсің бе, аурусың ба, оған қарамайды. Ертеңінде көршілер жиылып, ақылдасып: «Сен мына екі бауырыңнан да айырылып қаласың. Одан да Көкпекті ауданында балалар үйі бар, сонда бар» деп ақыл айтты. Ертеңінде бір ат арба Көкпектіге баратын болды, жол ақысына шешемнің күміс сырғасы мен білезіктерін бердім. Арбаға екі бауырымды салып, өзім артынан жүріп отырдым, өйткені ат арық, арбаны тарта алмайды. Бес күн дегенде Көкпектіге әрең жеттік, бауырым Бақберген жол бойы іші өтіп, ауырып келді. Көкпектінің балалар үйі қарындасым Інжуді, бауырым Бақбергенді қабылдап алды. Мені де осы балалар үйіне алыңдар деп сұрандым, оған әкімшілік сенің жасың үлкен, өз күніңді өзің көресің деп алмай қойды. Еріксіз Көкжыраға үйіме қайта қайттым. Елде ашаршылық жайлап бара жатқандықтан, халық өлмес күнін ойлап, Қытай ауып кетуге жиналып жатыр екен. Мен де солармен ілесуге сұрандым. Көшбасшысы маған екі шарт қойды: бірі мына қазанды алып жүресің немесе мына 5 жастағы баланы арқалап жүресің. Қазанды алсам арқама батады, одан да баланы арқалап алдым. Ауылдың бала-шағаны қосқанда жетпістен аса адам жаяу Қытайға бет алдық. Әр адамның өз қорегі өзінде, менің дорбамда бидайым бар, ыдыстағы ыстық суға бір уыс бидайды салып бөрттіріп жеп аламын, соны бір күнге жеткіземін. Биік асулардан өтіп келе жатқанда, топтан бір бойжеткен қыз науқастанып жүре алмай қойды. Көш бір ауырған адамды тосып тұрмайды, қыздың ағасы біраз кигізді кесіп алып, соған жатқызып, қасына тамағын қойып кетті. Тастап кеткен қыздың жылап қоштасу айтқан дауысы бүкіл таудың ішін жаңғыртты, осы жылаған қоштасу зар дауыс құлағымнан көпке дейін кетпей қойды. Әлгі дауысты естіген халық қоса жылап кетіп барамыз. Шекарашылар Қытайға босып бара жатқан көшті көріп қалса, «қашқын» деп бәрін атып тастайды. Осы оқиға Күршім тауларындағы Үшбұлақ деген жерде болған. Қытайға аштықтан босып бара жатқан қазақтарды қызыл эскадрон басшысы Голиков деген қоршап алып, пулеметпен талай қазақты бала-шағасымен қырып салды. Осы уақытта сол қырғын болған жерде ескерткіш орнатылған. Содан әрең дегенде Шәуешек қаласына жеттік. Бізді базар жағына әкелді. Сол жерде адам саудасы басталды, біреулер бір-екі қап нанға 10-15 жастағы қызын берді, біреулер 1-2 шелек бидайға шырылдатып кішкене баласын бере салды. Қазақтың басына туған ашаршылық салдары басқа мемлекеттің жат ұлтына балаларын құлдыққа берді. Қытайда неше түрлі ұлт көп екен, соның ішінде ең өкініштісі, бір кезде ата жауымыз болған қалмақ та бидайға айырбастап, қазақтың баласын құлдыққа әкетті. Мені бір қытай таңдап алды. Қытай көкнәр деген гүлді өсірумен айналысады екен, сол көкнәрдің домалақ басын сыза кесіп, қоңыр сығындысын алады екен. Мен бұл жұмысты дұрыс істемей, гүлдің басын кесіп тастаппын, мені жұмыстан қуып шықты. Одан бір татар байдың бұзау, қозыларын бақтым. Кешке шөп қорасында жатамын, тамағым – қазан түбіндегі қалдықтар. Елден естуімізше, Шихо қаласында үлкен жол салу жұмысы басталды. Соған барып жұмысқа орналастым, маған ат арба берді, күні бойы жол құрылысына топырақ тасимыз. Тамағымыз тоқ, киіміміз бүтін. Ғаламат құрылыста 3500 адам жұмыс істейді, мен күнделікті норманы бір жарым есе артығымен орындап жүрдім. Басшылық еңбекқорлығымды бағалап, мені жұмысшылар комитетінің мүшесіне тағайындады. Үйлендім, бала-шағалы болдым. Біраз уақыттан кейін маған саяси партия мектебіне жолдама берді, онда казармалық тәртіп екен, екі жыл оқыдым. Оқуды бітіргеннен кейін Шихо қаласының қытай-қазақ консульствосында қызмет атқардым. Совет-қытай келісімі бойынша 1955 жылы Қазақстанға – туған жерге қайтуға рұқсат берілді. Мен өз еліме қайтуға арыз жаздым, маған туыстарыммен бірге 15 адамға елімізге қайтуға рұқсат қағазын берді. Рұқсатқа әйелім, бала-шағам, немере-бауырым, енемді, балдыздарымды қостым және асырап алған екі ұл бала кірді, оларға өз тегімді бердім. Бізді Қырғызстан шекарасынан өткізді. Қырғызстанда бір жыл тұрып, елімізге – Көкжыраға оралдық. Келе сала Көкпектінің балалар үйіне өткізген бауырларымды іздеуге кірістім. Бауырым Бақбергенді таба алмадым, өліп қалды ғой деймін (өйткені қатты ауырып келген болатын). Ал Інжуді таптым, ол Семейдің педучилищесін бітіріп, Тұғыл деген ауылда мұғалім екен. Екі аяқты мотоциклді жалдап Тұғылға барып, Інжуге жолықтым.

– Мен сенің Тәңірберген деген ағаңмын, – деп едім, Інжу сескеніп, сенбей ойланып, аңтаң болып қалды. Мені бөтенсіп, ойланып көп тұрды.

– Біз сандықтың үстінде ұйықтап жатқанда, бір жаман адамдар аяғымыздан ұстап лақтырып тастап, дорбадағы бидайымызды тартып алып кеткен. Одан кейін мен сені және Бақбергенді арбаға отырғызып, арбаның артынан жүгіріп отырғаным... – деп едім, бір уақытта Інжудің есіне өткеннің бәрі түсіп кетті, беті ағарып, көзден жасы ыршып-ыршып кетті, жүгіре келіп менің мойнымнан қатты қысып құшақтап алып, ұзақ нөсерлете жылады. Мен де көз жасыма ерік бердім. Қазақта мәтел бар «қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді» деген рас екен. Айтайын дегенім, қазағым аман болсын, қазақ елі мықты, ауқатты мемлекет болсын, қазақтың басына зобалаң, азап заман тумасын, аспанымыз ашық, бейбіт өмір болсын. Егемендігіміз мәңгілік жасасын!

Игілік ӘМІРҒАЛИН,
Астана қаласы

№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



paperlab.kz

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ САНЫ ҚАНША?

30 ЖЫЛДА 650 МЫҢ АДАМ АҚТАЛДЫ

Мұндай сұрақ әр адамды мазалауы мүмкін. Біз жыл сайын 31 мамыр жақындаған кезде ғана қуғын-сүргін, аштық пен соғыс құрбандары туралы айтып, жаза бастаймыз. Белгілі тарихшы Бүркітбай Аяғанның дерегіне сүйенсек, Қазақстан бойынша 7-10 млн аралығында адамдар қуғын-сүргінге ұшыраған. Саяси ғылымдар докторы, ғалым Әбдіжәлел Бәкір қуғын-сүргін жылдары қазақ халқының 40 пайызы қырылды деген мәліметті алға тартады. Ал белгілі заңгер, құқық қорғаушы, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесінің жетекшісі Сабыр Қасымовтың айтуынша, әр жылдары еліміздің аумағындағы қуғын-сүргіннен 5 млннан астам адам құрбан болған және зардап шеккен. Алайда арада қаншама жылдар өтсе де, ақталмаған адамдардың нақты саны белгісіз болып келгенін білеміз. 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданып, 2020 жылға дейін ресми түрде 340 мың адам ақталды.

6 жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы Жарлық шыққаннан кейін құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия 3 жыл ішінде 311 мың адамның ақталуына себепкер болды. Осылайша, ел тәуелсіздігінің 30 жылында ақталған азаматтардың саны 650 мыңнан асты. 2,5 миллионнан астам материалдың құпия белгісі алынып тасталды. Құзырлы комиссия зерттеген құжаттар негізінде 72 томдық жинақ дайындалды. Қуғын-сүргін кезінде Алашорда қайраткерлеріне қатысты қозғалған істер 12 том болып жарыққа шықты. Бұл еңбекті әзірлеу барысында бұрын еш жерде жария етілмеген құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. Атап айтарлығы, еліміздің барлық аймағында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жергілікті комиссиялар құрылды. Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым, зерттеуші мен сарапшы еңбек етті, оның 260-тан астамы аймақтық комиссияның құрамында болды. Елдің барлық аймағындағы 60-тан астам мемлекеттік және ведомстволық архивтегі материалдар зерттелді. Мұндай жұмыс бұрын-соңды атқарылмағанын ескерсек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлт жадын қалпына келтіруге оң өзгерістер әкелген салиқалы саясаты қаншама тарихи ақтаңдақтар ақиқатын аршып алуға жол ашты.

ӘР ҚАЗАҚ БІЛУГЕ ТИІС ДЕРЕК

Осы жерде әр қазақ біле жүретін, жадында сақтайтын бір ғана дерекпен бөлісейін. Мысалы, сол нәубет жылдары бір адам не бір отбасы үш және одан да көп рет репрессияға ұшырап, контрреволюционер, халық көтерілісінің қатысушысы деп атылып отырған. 1928-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру кезеңінде 25558 адам ешқандай тергеусіз, сотсыз атылған. 1920-1950 жылдары еліміздің аумағында саяси тұтқындарды, жергілікті жердегі қазақтарды соттап, жер аударған 70-тен астам лагерлер мен лагерь бөлімшелері болған. Мұндай деректі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесінің жетекшісі Сабыр Қасымовпен әңгімеде жазып алдым.

«Қазақстандағы Кіші Қазан» қалай жантүршігерлік жауыздықпен жүзеге асырылды? Ашаршылық трагедиясының ақиқатын танып-біліп жүрміз бе? Біз ашаршылық, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу дегенді тек 31 мамыр жақындағанда ғана есімізге түсіріп, газеттерге бір-екі мақала жариялап, қанатбелгі үшін осынау ұлт жадынан мәңгі өшпейтін трагедияның түп тамырын түсіне алмай жүрміз. Орыс тілінде жазылған қос ғалымның (Құлғазира Балтабаева, Қайрат Әлімғазинов, «Ұлт жады» ғылыми журналы, №4, 2025 ж.) мақаласынан сталиндік саясаттың барлық озбырлығын, қатыгездігін айқын аңғарасыз. Төменде мақаланың орыс тіліндегі нұсқасынан алынған үзіндіні сол қалпында жариялауды жөн көрдім: «Во многих архивных документах отражены как днем и ночью, в мороз и стужу хлебозаготовки сопровождались многочисленными издевательствами и пытками над людьми разных национальностей, возрастов, пола, веры. Так, 22-м хозяйствам села Чемолган Калининского района Алма-Атинского округа были забиты окна и разрешалось выходить только ночью за дровами и водой. В Петропавловском округе объявлялся черный бойкот, заколачивались окна, не разрешалось топить печать и зажигать огонь. Целые деревни подвергались бойкоту, под нажимом уполномоченных крестьяне сами себе объявляли бойкот. В Илекском районе Актюбинского округа было арестовано около 200 казахов-скотоводов за несдачу хлеба. Беднякам одевали на шею веревку, инсценируя повешение. Обливали холодной водой и по несколько дней держали арестованных в холодных сараях. Жителей, не сдавших хлеб, сажали в заброшенные крестьянские дома, называвшиеся «Домом смерти», куда запрещалось передавать пищу. Некоторые из «Дома смерти» выходили с физическим увечьем, глухими. Женщин обливали холодной водой при морозе в 15 градусов». 1932 жылдың тамызынан 1933 жылдың тамызына дейін жұмысына кешіккені, жұмыс орнынан рұқсатсыз шығып кеткені үшін, бидайдың бірнеше масағын қалтасына тыққаны үшін және өзге де болымсыз айыбы үшін 33345 (!) қазақстандық сотталған. Сол боздақтар әлі ақталмаған! Көзі тірілері бар ма екен? Ал марқұмдардың жаны жұмақта болсын! Бұл мәлімет Мемлекеттік кеңестің тапсырмасымен құрылған жұмыс (сарапшылар) тобы дайындаған «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық заңдық және саяси ақтау» туралы тұжырымдамадан алынды.

АДАМДАРДЫ ҚАЛАЙ АЗАПТАДЫ?

Қазіргі тарихи деректерде қуғын-сүргін жылдарындағы еліміздегі жазалаушы органдардың қызметі мен жасаған қылмысы туралы ашық ақпарат аз. Сол себептен Қазақстандағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссияның жобалау кеңсесінің сарапшысы, заң ғылымдарының докторы, профессор Сарқытбек Молдабайдың «Большевиктік-коммунистік режимнің жазалау органдарында (1918-1953 жж., КСРО және Қазақстан) азаптауларды қолдану тарихы мен мәні» атты мақаласынан («Ұлт жады» республикалық ғылыми журналы, 2025 ж., №1 (11) үзінділер келтіргенді жөн көрдім.

«Азаптауларды іс жүзінде қолдануда 1920-1930 жылдары күштеп кеңестендірудің аренасына айналған Қазақстан ерекше орын алады. Аса қатаң тергеу тәсілдерімен ерекшеленген саяси қуғын-сүргін ұлт зиялыларына, қарапайым шаруаларға, өзге де әлеуметтік топ өкілдеріне қарсы жүргізілді. Сталиндік репрессия кезеңінде қазақ интеллигенциясының екі бірдей буыны тұтас жойылды. Бірінші буын – төңкеріске дейінгі интеллигенция, олар орыс социал-демократиясы дәстүрлерімен тәрбиеленгені мәлім. Екінші буын – кеңес заманында өсіп-жетілген жаңа техникалық интеллигенция. Олардың бәрі нағыз патриоттар болатын. Жаппай кең таралған террор әрбір «басқаша ойлайтын» адамды өлтірді. Осы террордың алғашқы толқыны соққан 1928-1931 жылдары Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы, Халел Досмұхамедұлы сияқты буржуазиялық ұлтшылдар және өзге де көрнекті қайраткерлер тұтқындалды. Тұтқынға алынғандардың барлығы дерлік 1937-1938 жылдары атылды. Сол кездері Санжар Асфендияров, Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов, Темірбек Жүргенов және өзгелер ұсталып, атылды. Сондай-ақ Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың әке-шешесі, Бибігүл Төлегенованың, Олжас Сүлейменовтің, Болат Аюхановтың әкелері де атылды. Билік ең алдымен саналы зиялылардың көзін жойып, халықты бассыз қалдыруға ұмтылды. Шындықты айтқан адамдардың барлығы Сталиннің және оның айналасындағылардың қас жауы болып саналды. «Алашорда ісі» бойынша 4297 адам қуғын-сүргінге ұшырап, соның ішінде 2062 адам атылды. Толық емес деректерге сүйенсек, 1920-1953 жылдар аралығында Қазақстанда 110 мың адам саяси террордың құрбаны болған. Кейінірек 96 мың адам ақталды.

Репрессия тәсілдеріне келсек, олардың қатарына күштеп мойындату, азаптау, жалған куәгерлер арқылы қылмыстық іс қозғау және т. б. жатқызуға болады. Жазалаушы органдар төңкеріске қарсы қызмет туралы қандай да бір ақпарат алу үшін қатаң азаптау тәсілдерін қолданған. Большевиктік-коммунистік режимнің жазалаушы органдары құрылған күннен бастап халықтың түрлі әлеуметтік тобына қарсы мақсатты түрде қуғын-сүргін саясаты жүргізілді, тіпті «репрессия» деген сөз олардың ресми құжаттарына енгізілді. Сол себептен тұтқындалған адамға бірден: «Кеңес билігі органдары тарапынан репрессияға бұрын-соңды ұшырадың ба?» деген сұрақ қойған. Яғни репрессиялардың мақсатты түрде жүзеге асырылуы қалыпты жағдай ретінде саналған. 1928-1931 жылдардағы жаппай тұтқындаулар мен 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террордың» нәтижесінде жүздеген, мыңдаған адамға физикалық және психологиялық азаптау жүргізіліп, олардың істемеген қылмысын мойнына алуға мәжбүрлеген. Азаптаулардың негізгі тәсілдері мыналар болған: физикалық тұрғыдан азаптау (ұрып-соғу, жарақат салу, ұйқыдан айыру, стрестік жағдайда ұстау, карцерге қамау), психологиялық жағынан азаптау (атылған адамның өлімін көрсету, туысқандарына қоқан-лоқы жасау, сенсорлық депривация), ұзақ уақыт оқшаулауда ұстау (бокс, карцерге қамау, тамақ бермей және ұйықтатпай ұстау). Әсіресе, ұсталғандарды бірнеше күн бойы аштықта ұстап, ұйықтатпай «конвейерлік тергеуге» алу кеңінен қолданылды. Мұндай тәжірибе ұсталғандарға қылмысын мойындату үшін ғана емес, сондай-ақ тұтқындардың арасындағы жаппай психикалық және физикалық ауытқулардың орын алуына септігін тигізді» деп жазады мақала авторы.

АУЫЛДА БАЙ-КУЛАК ҚАЛМАҒАНЫ ҮШІН ДЕ АТҚАН

Саяси қуғын-сүргін зобаланы – кеңестік тоталитарлық жүйенің ата тарихтағы өшірілмейтін қылмысы. Зұлмат заманда қанқұйлы қылмыстардың асқан жантүршігерлікпен, аяусыздықпен жасалғанын мұрағаттарда сақталған нақты құжаттар дәлелдейді. Тарих ғылымдарының кандидаты Құралай Сарсембина «1920-1950 жж. саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер» («Ұлт жады» ғылыми журналы, №2 (8), 2024 ж.) атты мақаласында 1930-1950 жылдары Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің тағдырын деректер негізінде зерделейді.

«1930 жылдардың ортасында саяси қуғын-сүргін жүргізудің өзіндік жолы қалыптасты. Жалған айыптау, бір адамға жала жабу арқылы бірнеше адамды ұстау арқылы репрессия жаппай әрі жалпылама бағыт алды. Астық, мал, ет дайындау, бай-кулакты тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандарында халыққа қарсы репрессия шаралары қарқынды қолданылды. Жоғарыдан үсті-үстіне келіп жатқан бұйрықтар қуғын-сүргінді жеделдетті. Мәселен, ЮХК сот-тергеу органдары астық дайындау науқаны барысындағы «жұмыстары» туралы мәліметті екі апта сайын жинаған. Көптеген адамдардың үстінен қозғалған қылмыстық істер заңсыз болған. Оны мұрағат құжаттары дәлелдейді. Деректерде: «...1928 жылы сотталған шаруалар өз өнімдерін сатпаған және алыпсатарлықпен айналыспаған. Олардың көпшілігінде астықты сату үшін ауылдық кеңестен алынған рұқсат қағаз болған. Астықты мұқтаждығы бойынша сатқан. Бірақ олардың үстінен заңсыз негізде қылмыстық іс қозғалған» деп жазылған. Жоспарды орындай алмағандарды да, орындата алмағандарды да тұтқындау жоғарыдан қатаң бұйырылды. РСФСР ҚК-нің баптары бұрмаланғандықтан, жаппай жазаланғандар саны күрт артқан. 188 РСФСР ҚК 61-3-бабы науқан жоспарын орындамау мақсатында алдын ала келісіліп, ұйымдасқан топты жазалауға арналғанмен, осы баппен жалғыз адамды да соттаған. Айыпқа тартылған тұлғаны «қылмыскер» атандыру үшін бірін-бірі танымайтын, әр ауылдан шыққан айыпкерлерді топтап, байланысы жоқ бірнеше істер біріктірілгені, астық тапсырмағандардың мүлкін тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айырылғысы келмей, кеңес өкіметіне қарсы сөз айтқандардың іс-әрекеті «террористік акт» ретінде бағаланғаны, РСФСР ҚК-нің 58-8-бабымен ату жазасына кесілген. Тіпті ауылдарында бай-кулак қалмағанын айтқан ауылдық кеңес төрағалары да осы баппен атылып кете барған. «Науқан жоспарын орындауға шамамыз келмейді» деген сөзді айтқандарды «кеңестерге қарсы үгіт-насихаты» үшін РСФСР ҚК-нің 58-10-бабымен соттау үрдіс алған. Науқандар барысында өткен жиналыстарда білім деңгейінің төмен дәрежесі салдарынан сөз сөйлей алмаған кеңес қызметкерлері РСФСР ҚК-нің 111-бабымен жазаланған. Нәтижесінде түрмелерге адам сыймай, сотталғандар адам төзгісіз жағдайда «жазасын» өтеген. Кейбір түрмелерде қылмыстық іс қозғалмай қамалған азаматтар да болған. Дәлел келтірсек, 1931 жылы 112 орындық Қызылорда түрмесіндегі 325 адамның 203-інің ешқандай айыптаусыз қамалғаны анықталған. Ақмолада 300 адамның түрме қабырғасының жанында көшеде «қамауда» жатқаны белгілі болады. Кеңестік тоталитарлық қоғамның заңсыздықтарын осылайша шексіз тізіп айта беруге болады» деп жазады тарихшы-ғалым.

Заңгер-ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстанның бостандығы мен азаттығы жолында құрбан болған 20-дан астам санат бойынша («ЕСЕП» партиясының мүшелері, қазақ ұлтшылдығының құрбандары, халық көтерілістеріне қатысушылар мен ұйымдастырушылар, кәмпескеленген бай-кулактар, соғыс тұтқындары және тағы басқалар) әлі күнге дейін толық заңдық тұрғыдан ақталмаған саяси қуғын-сүргін құрбандары бар. Ерлігіне басымызды иетін, рухына тағзым ететін ұлт қаһармандары – солар. Мемлекеттік комиссияның аясында 72 том құжат жинағы жарық көрді. Оның ішінде Алаш зиялыларын, дін басыларын қудалауға, босқыншылыққа, байларды тәркілеуге, әскери тұтқындарға байланысты бұған дейін жарық көрмеген материалдар жетерлік. Десек те құпиясыздандырылмаған материалдар әлі де баршылық. Бұған дейін 125 мыңға жуық қазақстандықтың репрессияға ұшырағаны айтылып келсе, қазір олардың саны 400 мыңнан асқаны анықталған. Өйткені комиссия мүшелері зерделеген бір ғана қылмыстық істе ондаған адамның құрбан болғаны жазылған.

№62-63 (4961) 30/05/2026 Сенбі

Домбыраның шанағынан тарихтың үнін төгілткен Тұрар Әліпбаевтың есімі өнерсүйер қауымға жақсы таныс. Жақында елорда төрінде өткен «Ғұн бабалар» атты шығармашылық кеш күй құдіретін ұғынған жұртшылықты тағы бір мәрте тебірентті. Өз мектебін қалыптастырып, саналы ғұмырын киелі өнерге арнаған профессор Тұрар Әліпбаев бұл кешті өзінің ұлы ұстаздары мен күй аталарының мерейтойларына арнау арқылы ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісін көрсетті. Концерттен соң күйші-композитор, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Тұрар БАЙДҮЙСЕКҰЛЫМЕН кездесіп, сұхбат құрған едік.



Тұрар ӘЛІПБАЕВ:

ДОМБЫРАШЫ ТЕК БІР МЕКТЕППЕН ШЕКТЕЛМЕУІ ТИІС

– Тұрар Байдүйсекұлы, домбыраны алғаш қашан қолға алдыңыз? Өнерге баулыған кім? Кімге еліктедіңіз?

– Домбыраны ес білгелі, шамамен бес жасымнан бастап қолыма ұстап өстім. Әкем күйші, домбырашы болды. Ол Махамбет, Құрманғазы, Қазанғап сынды ұлы тұлғалардың күйлерін ерекше шеберлікпен орындайтын. Торғай мен Ырғыз өңірінің күйшілік және жыршылық дәстүрі бір-біріне жақын, орындау мәнері де ұқсас. Әкем халық арасында сирек орындалатын көне күйлерді көп білетін. Соның бірі – Махамбеттің «Ақ қошқар» күйі. Тарихқа сүйенсек, Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан рулардың ішінде «Ақ қошқар» руы көп болған деседі. Сол себепті күй атауы да осыған байланысты шыққан болуы мүмкін деп топшылаймын. Бұл күй әкеммен бірге кетті десем болады. Жас кезінде ештеңенің байына бара бермейсің ғой. Неге нотаға, таспаға түсіріп алмадым деп өкінемін. Тек аз ғана үзіндісі жадымда қалды. Ал әкемнің жездесі Тоқалар көтерілісіне қатысып, «халық жауы» атанып, атылып кеткен екен. Сол кісіден жеткен әуенді негізге алып, оны дамытып, күйге айналдырып, «Байдүйсектің толғауы» деп атап, радио мен телеарналар арқылы халыққа ұсындым. Жалпы, күйшілік атаның қанымен, ананың сүтімен даритын ерекше қасиет деп білемін.

– Ал кәсіби музыкалық білімді қашаннан бастадыңыз? Музыкалық мектептер тек аудандарда болушы еді ғой?

– Біздің кезімізде мектеп онжылдық еді. Ауылда арнайы музыка мектебі болмаса да, мектеп жанында домбыра үйірмесі жұмыс істейтін. Сол үйірмеде алғашқы кәсіби бағыттағы білім алдым десем болады. Ұстазымыз – Қызылорда педагогика институтының музыка факультетін бітірген Қуаныш Алтынбаев. Ол кісі өнерге бейімі бар балаларды жинап, әрқайсының қабілетіне қарай күйлер үйретететін. Халық күйі «Кеңес», Дәулеткерейдің «Қос алқа», Динаның «Партия», «Тойбастар», Ахмет Жұбановтың «Би күйі» сияқты шығармаларды сол кісіден үйрендік. Әкем кейде уақыттың тығыздығынан арнайы отырып үйретпейтін, тек бір рет орындап көрсететін. Сол арқылы үйренген алғашқы күйлерімнің бірі Арғынғазының «Арғынғазы» күйі болды. Осы күйді орындап, 1978 жылы Ақтөбе музыкалық колледжіне оқуға түстім. 1982 жылы тәмамдап, кейін Алматы мемлекеттік консерваториясында білімімді жалғастырдым.

– Консерваторияда кімнен тәлім алдыңыз? Қай күйшілік мектептің өкілі боласыз?

– Консерваторияда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, өнер зерттеушісі Орынбай Дүйсен ағайдан тәлім алдым. Ол кісінің шәкірті болып, бес жыл бойы білім алдым. Мақтанғаным емес, студент кезімде өте ізденімпаз болдым. Тек өз ұстазымнан ғана емес, басқа да домбырашы ағалардың ізіне еріп, білгенімді сұрап, білімімді үнемі жетілдіруден жалықпадым. Солардың қатарында таныстыруды қажет етпейтін дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров пен Қазақстанның халық әртісі Айтқали Жайымов сынды ағаларым бар. Олардан білмегенімді сұрап, үйренуден еш талмадым. Әсіресе, Қаршыға ағайдың соңынан қалмай, көп тәлім алдым. Кейін Торғайға жұмыс істеуге барғанымда, халық арасынан шыққан күйші Сағым Жалмышевпен жолықтым. Ол кісі Дина апамыздың күйлерін түпнұсқа қалпында орындайтын. Оның шеберлігін Қаршыға Ахмедияров ағамыз да жоғары бағалап, Динаның күйлерін сол кісінің орындауынан үйреніп, арнайы пластинкаға жазып алған екен. Ол кезде пластинкалар минутына шамамен 78,26 айналым жылдамдықпен айналып, бір бетіне бір ғана күй жазылатын. Мен де Сағым ағайдың қасында жүріп, оның орындау мәнерін, шеберлігін, әсіресе сол қолдың дыбыс шығару тәсілдері мен оң қол техникасын үйренуге тырыстым. Кейін Астанаға қоныс аударған соң, Қаршыға ағамызбен байланыс үзілген жоқ. Ол кісі түрлі конкурстар мен шығармашылық сапарлармен келген сайын кездесіп, ақыл-кеңесін алып, өз орындаушылық шеберлігімді жетілдіріп отырдым.

– Иә, «күй» деген ұғым басқа халықтарда дәл біздегідей кездеспейді. Ол – адамның көңіл күйі, ішкі толғанысы, жүрек тебіренісінің саз-әуенге айналған көрінісі.

– Дұрыс айтасың. Күйді салыстырмалы түрде айтар болсақ, оны еуропалық композиторлардың симфонияларымен ұқсатуға болады. Бірақ олардың шығармалары көбіне 30-50 минутқа созылса, біздің әрбір күйіміздің өз алдына тұтас бір тарихы бар. Сол терең тарихты небәрі 2-3 минуттың ішінде жеткізіп, тыңдаушыны бір-ақ сәтте сол оқиғаның ішіне енгізіп жібереміз. Күйді тыңдаған жан оны көз алдынан өтіп жатқан кино секілді қабылдайды. Сондықтан бабаларымыздан аманат болып жеткен осындай ғажайып өнерге бас иіп, шүкіршілік ету – біздің парызымыз. Өзім еліміздің бірнеше өңірінде оркестрмен де, жеке орындауда да концерт беріп жүрмін. Күй өнерінің бүгінгі таңда дамып, кеңінен қанат жайып келе жатқанына куәмін. Өнеріміздің өрісі кеңейіп, мемлекет тарапынан да қолдау көрсетіліп жатқаны көңіл қуантады. Соның бәріне шүкір дейміз.

– Көрерменге есеп беріп, алғашқы жеке концертіңізді қашан өткіздіңіз?

Колледжде және консерваторияда оқып жүрген кезімде біз көбіне 1-2 күймен ғана концерттерге қатысатынбыз. Алғашқы жылдары мені консерваторияда қалдыруға мүмкіндік болды, алайда отбасы жағдайына байланысты елге жақындауым қажет болды. Сол кезеңде Торғай облысының орталығы Арқалық қаласына ҚР Мәдениет қайраткері, күйші, сазгер, өнер зерттеуші, марқұм Қайыржан Мақанов пен музыкант, дирижер, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш Әбенов ағаларымыз арнайы шақырды. «Бізге келсең, ауылыңа да жақын боласың» деп қолқа салған еді. Сөйтіп, сол жылы Арқалық қаласында бір сағаттық жеке концертімді бердім. Концерттен кейін «Торғай таңы» газетіне мен туралы мақала жарияланды. Ол мақаланы бізге теориядан сабақ берген Тянь есімді кәріс азамат жазған-тын. Бұл 1987 жылы өткен менің алғашқы жеке концертім еді.

– Күйдің құдіретін терең түсініп, орындаушылық шеберлік қалыптасқаннан кейін күй шығара бастау – табиғи заңдылық. Алғашқы күйіңіз қашан туды? Өзіңіз күй шығара бастаған сәтте қандай сезімде болдыңыз? «Басқа күйлерге ұқсап кетпеді ме?» деген ой мазалаған кездер болмады ма?

– Қаршыға ағамыздың жүзге жуық күйі бар. Ол кісі бір күйін екіншісімен шатастырмай, әрқайсысын дәл, анық орындайтын. Әсіресе «Той күйі», «Мұнайшы Ақжелең» секілді бір-біріне ұқсас болып келетін күйлерді де еш жаңылмай тартатын. Жетіақ нота ғой (күледі). Шынымды айтсам, мен Қаршыға ағама қатты еліктедім. Оның бүкіл репертуарын қайталап үйрендім, тіпті отырысына дейін ұқсатуға тырыстым. Кейін жақындарым «Сен Қаршыға Ахмедияровқа тым көп еліктейсің» деп ескерту жасады. Жалпы өнер адамында еліктеу заңды құбылыс қой. Мұндай талантты тұлғаларға қалай еліктемейсің?! 1987 жылы екінші ұлым Олжас дүниеге келген кезде Арқалық қаласында «Қуаныш» атты алғашқы күйім туды. 1990 жылдары Амангелді ауданында өткен үлкен тойда, бәйге барысында ерекше әсерленіп, Қаршыға ағамның стилінде «Бәйге» күйін шығардым. Жасым қырықтан асқан соң, ақыл толысып, кемелдікке бет алған кезеңде тарихи тұлғаларға және қоғамдағы түрлі құбылысқа арнап күй шығара бастадым. Мысалы, «Сатай баба» күйінің тарихы XVIII ғасырда елге танылған би тұлғасымен байланысты. Ол Мекке-ге екінші рет бармақ болғанда түсіне әкесі кіріп: «Балам, сен Меккеге барасың, бірақ сүйегің сонда қалады» деп аян берген екен. Одан бөлек, «Әбіш таған», «Елге арнау», «Өмір дастан» сияқты күйлер, сондай-ақ ел басқарған және өзіме тілеулес болған азаматтарға арналған «Күй бата» дүниеге келді. 2024 жылы ежелгі досым, мемлекет және қоғам қайраткері Ералы Тоғжановпен кездесіп қалдым. Ол: «Шығармашылығың қалай?» деп сұрағанда, мен қалжыңдап «шығармашылық тоқыраудамын» дедім. Сонда ол: «Тоқырау деймісің? Е-ее, әйтпегенде, елдегі болып жатқан алапат су тасқыны да шығармашыл адамға әсер етпей қоймайтын тақырып қой» деді. Сол сөзі қамшы тигендей әсер етіп, үш күннің ішінде «Тасқын» күйін шығардым. Одан кейін «Ғұн бабалар» күйі дүниеге келді.

– Қанша домбыраңыз бар? Домбыра жасау шеберлері туралы да айтып өтсеңіз.

– Біз консерваторияда оқып жүрген кезде бізден біршама бұрын ағайынды Романенколар болған екен. Қазақтың ұлттық аспаптарын, соның ішінде домбыраны оркестрге лайықтап енгізуде академик Ахмет Жұбановтың еңбегі орасан зор. Ол ресейлік шебер Эмануэль Романенконы Қазақстанға арнайы шақыртып әкелген. Халық арасында «Романенконың домбырасы» деген ұғым бар. Оның жасаған домбыраларының сапасы Антонио Страдиваридің әйгілі скрипкаларынан кем түспейді. Себебі ол ағаштың табиғатын, тілін терең түсінген нағыз шебер еді. Сондықтан оның домбыралары өте сирек, санаулы адамдардың ғана қолында бар. Дыбысы камерлік, ерекше жұмсақ әрі қоңыр. Кейінгі буыннан Ғиноллa Смағұлов, Мұса Әділов, Жолаушы Тұрдығұлов, Сұлтан Мұсаев, Жақсылық Оспанов, Нарбек аға сынды мықты шеберлер болды. Бүгінде сол кісілердің шәкірттері бұл өнерді жалғастырып келеді. Өзімде Жақсылық Оспанов жасаған домбыра бар. Оны эксклюзив аспап десем де болады. Концерттерде үнемі осы домбырамен өнер көрсетемін. Бұл домбыра – менің 30 жылдан бергі сенімді серігім. Осы аспаппен талай елді аралап, көптеген концертке қатыстым. Әрине, басқа да домбыраларым бар, бірақ сахнаға әрдайым осы домбыраны алып шығамын. Дыбысы құлаққа жағымды, қолда ұстауға да өте ыңғайлы.

– Айтыңызшы, бүгінде өнерге қаншалықты қолдау көрсетіліп жүр? Көңіліңіз тола ма?

– Иә, іштей тәубе деймін. Қазіргі таңда барлық өңірді аралап, концерт қойып жүрмін. Қай қалаға барсаң да, филармониялар мен театрлар үздіксіз жұмыс істеп тұр. Бір ғана филармонияның құрамында симфония оркестрі, халық аспаптар оркестрі, камералық оркестр, бірнеше ансамбльдер, хор және би ұжымдары тынымсыз еңбек етуде. Оларды кім қолдап отыр? Бір оркестрдің өзінде кем дегенде 40-50 музыкант болады. Олардың аспаптары, сахна киімдері, гастрольдік сапарлары – мұның бәрі үлкен шығынды талап етеді. Ел ішінде ғана емес, шетелдерге де гастрольмен шығып тұрады. Осындай ауқымды жұмыстың жүзеге асуына, әрине, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың үлесі зор. Сонымен қатар елімізде көптеген музыкалық мектептер мен жоғары оқу орындары жұмыс істейді. Осындай игі істерді көргенде еріксіз риза болып, тәубеңе келесің.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық шабыт тілеймін!

Сұхбаттасқан
Толқын СҰЛТАН,
Қазақ радиосының
редакторы,
Мәдениет саласының үздігі

СУРЕТСӨЗ



АЛЫПТАРДЫҢ АМАНДАСУЫ

(Әбіштің әлемі және Шерағаңның шекпені)

Көрнекті қаламгерлер Әбіш Кекілбайұлы мен Шерхан Мұртаза. Жылы жүздесу. Аялы алақан. Салмақты сөз. Пердесіз пейіл. Ыстық ықылас. Ағаны ардақтау. Іниге ілтипат. Екеуі де заңғар жазушы. Екеуі де «Егемен Қазақстанның» бас редакторы, Жазушылар одағы басшыларының бірі болды. Ақиқатты айтты. Тұлғаларды тірілтті. Қалың оқырманын соңына ертті. Ойлы образдарды өмірге әкелді. Көркем сөзге де, көркем публицистикаға да қатар қалам тартты. Екеуі де беделді қызмет істеді. Жұртқа сәулесін көбірек түсірді. Жер түбінде жүрген жас қаламгерлерді қызметке шақырып, жан жылуын септі.

«Шерағаңның шекпені» деген ұғым бар. Талайға таныс тіркес. Талайды табыстыратын тұжырым.

Шерағаңның шекпені –
Шеберліктің мектебі.
Шәкірт біткен қалмайды,
Шекпенінен шеткері –

дегендей, Шерағаңның шекпені – қарым-қабілетті ұштау университеті, көркем сөзді кестелеу колледжі, жазу өнерінің киелі медресесі. Гарвард пен Оксфорд, Сорбонна мен Кембридж үйрете алмайтын қазақы ой өрімін өрбітуге, ұлттық ұғымды иіруге һәм шиыруға, сөлді сөзді кестелеуге осы шекпеннің шарапаты молынан тиеді. Қысқасы, бұл шекпеннің ішіне кіріп шыққан адам біраз нәрсені біліп шығады.

Ал Әбекеңнің шәкірті көп болғанымен, шекпені жоқ. Оның есесіне солардың бәрін алақанға салып аялайтын Әбіш әлемі бар. Әбіш әлемі – әсемдіктің әлемі. Әуені де, әсері де бөлек әдемі әлем. Бұл әлем оның кез келген шығармасында көрініс тапқан. Оның қасиетті табалдырығын аттаған адам тарихтың тереңіне сүңгиді. Парасат патшалығына тап болады. Жыр алыбы Жамбыл көкемнің «Ақылдың кені – данышпан» деген әйгілі өлең жолының шын мәнінде кімге арналып айтылуға тиіс екенін ұғынады. Сондықтан да:

Әрлеп жазған әр сөзі,
Әсерлі әрі кәделі, –

деп әндетіп жібермесіңе әддің жоқ. Әбіштің эстетикалық әлемі талай ұрпақтың тәрбиесінің түтінін түзу ұшырды. Сол түтін әлі қисайған емес. Көлбейген де, көлбеңдеген де жоқ.

Екеуі де шығармашылығын өлеңнен бастады. Бірақ Әбекең де, Шерағаң да поэзия падишаһы бола алмады. Кеудесін жыр буып, жинаққа жариялап үлгерген жас Шеріні, өзі айтқандай, сергек сыншы, талғампаз талант Зейнолла Серікқалиев салиқалы сөзімен, көреген көзімен жасқап, өлең өлкесінен жайлап қана «қуып шықты». Ал Әбіш аға бертінге дейін «беріспей» бақты. Есейген шағында «Дүние ғапыл» деген жыр жинағын жарыққа шығарды. Бәрібір қара сөзден көркем кілем тоқыған қос саңлақтың бағы прозадан жанды. Жанғанда да лаулап жанды. Сол жалын әлі сөнген жоқ. Ешқашан қоламтаға айналған емес.

Ал енді елге белгілі екі ағамның сыйластығы, бір-біріне деген ілтипаты бөлек еді. Мынау ағалық пен адалдықты айғақтап, інілік пен ірілікті әйгілеп, даналық пен даралықты дәріптеп тұрған сәулетті сәт – осының көрінісі.

Амандасып жүрейік!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

(Суретті түсірген – Шүкір ШАХАЙ)

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНДА АУДИТОРЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН: ФАКТІЛЕРДІ, САНДАРДЫ, НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, 2025 ЖЫЛҒЫ ЕЛОРДА БЮДЖЕТІНІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2025 жылы Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру, бюджеттің атқарылуы кезінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді анықтау жөніндегі қызметін тиімді жүзеге асыруды жалғастырды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Тексеру комиссиясы әлеуметтік-экономикалық даму факторларын ескере отырып, жыл сайын Астана қаласы бюджетінің кірістер мен шығыстарының атқарылуына бағалау жүргізеді.

Мысалы, 2025 жылы елорда экономикалық өсуінің негізгі драйверлерінің қарқынды дамуы қамтамасыз етілді. Бұл өңдеу өнеркәсібінің көлемі – 5,2%, құрылыс жұмыстары – 32,7%, инвестициялар – 21,3% және басқа салаларда өсті.

Осының арқасында елорда ЖӨӨ көлемі 2025 жылдың 9 айында 11,6 трлн. теңге жетті немесе 2024 жылғы деңгейге 111,5% (алдын ала деректер бойынша), бұл ретте республикалық көлемде елорда үлесі 11,6% құрады, бұл Алматы қаласынан кейін республикада 2-орында тұруына мүмкіндік берді.

Экономиканың жалпы өсуімен 112,8% (2024 жыл – 110,1%, республика – 112,3%) бірге, инфляция деңгейінің өсуі де алаңдаушылық туғызып отырғанын, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2,7 пайыздық тармаққа және республикалық көрсеткіштен (0,5 пайыздық тармаққа) сәл жоғары екенін атап өткен жөн.

Осылайша, біздің бағалау бойынша, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру инфляцияны тежеуге және азаматтардың кірісін нығайтуға бағытталған кешенді шараларды қажет етеді.

Жалпы, есепті кезеңде Астана қаласы бюджетінің кірістер мен шығыстар бойынша негізгі параметрлері орындалды.

2025 жылы қала бюджетіне барлығы 1 777 млрд. теңге түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда жоспарды 1,9%-ға асыра орындаумен 25%-ға артық. Бұл ретте түсімдер көлемінің 70%-ы өз кірістеріне (салықтық, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер) тиесілі, олар 14,5%-ға ұлғайып, 1 245 млрд. теңгені құрады.

Бюджет шығыстары 1 817,6 млрд. теңгеге немесе жоспар бойынша 99,3% игерілді, 12,5 млрд. теңгеге орындалмады (оның ішінде игерілмеу – 9,9 млрд. теңге, үнемдеу – 2,7 млрд. теңге, ЖАО бөлінбеген резерв – 0,5 млрд. теңге).

Орындалмау негізгі себептері: орындалған жұмыстар бойынша актілердің болмауы (7,1 млрд. теңге); объектілерді пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қоймау, сот талқылаулары бойынша (1,3 млрд. теңге); мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар және шарттардың ұзақ жасасу (0,9 млрд. теңге).

Бұдан басқа, бюджетті бағалауды дайындау барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалардың нәтижелілік көрсеткіштерін жеткілікті сапалы жоспарлауға және орындауға, қаржыландыру көлемдерін көптеген түзетулеріне, сондай-ақ бюджет қаражатын бөлудің негізділігін талдауға және тиісті алдын ала пысықтауға басты назар аударылды, бұл, сайып келгенде, бюджетті игерудің уақтылығына теріс әсер етеді.

Жүргізілген бағалау және аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша жүйелі бұзушылықтар мен проблемалар орын алады, оларды жою және бюджеттік басқарудың нәтижелілігін арттыру үшін тиісті ұсынымдар берілді.

2025 жылы мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген Тізбесіне сәйкес 41 объектіде 219,6 млрд. теңге сомасында бюджет қаражаты қамтылған 11 аудиторлық іс-шара жүргізілді.


Бұл ретте Тексеру комиссиясының негізгі басымдығы бюджет қаражатын пайдаланудың нәтижелілігі мен үнемділігін бағалауға және талдауға бағытталған тиімділік аудитін жүргізу болып табылады. Мысалы, 2025 жылы жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың жалпы көлеміндегі тиімділік аудитінің үлесі – 82%, ал сәйкестік аудиті 18%-ды құрады.

Осы тәсілді қолдану нәтижесінде анықталған бұзушылықтардың жалпы көлемі 2025 жылы 145,0 млрд. теңгені құрады, бұл тексерілген қаражат көлемінің жартысынан астамын немесе 66% құрайды.

Анықталған бұзушылықтар



Қаржылық бұзушылықтар сомасының өтелуге тиіс 2,8 млрд. теңгенің 2,2 млрд. теңгесі (78,6%) өтелді, 50,9 млрд. теңгенің 37,2 млрд. теңгесі (73%) қалпына келтірілді.



Бұдан басқа, аудит объектілерінің қызметінде бұзушылықтарға жол беру тәуекелдерін тудыратын 1 118 рәсімдік бұзушылықтар мен 209 жүйелік кемшіліктер анықталды.

2025 жылғы аудиторлық іс-шаралардың негізгі қорытындылары бойынша бюджеттік жүйе қағидаттарының бұзылуы, шығыстарды жоспарлаудың төмен тиімділігі, бюджетке түсетін түсімдер болжамына, бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштеріне қол жеткізбеу, қаржылық есептіліктің бұрмалануы секілді бұзушылықтар жалғасуда.

Бірқатар салалардағы негізгі бұзушылықтарды төменде келтірілген.

Мысалы, спортты дамыту саласындағы ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың аудитімен бюджетті жоспарлау кезінде спорт түрлерін саралау қорытындылары ескерілмейтіні анықталды, бұл қаражаттың 35,6 млн. теңгеге тиімсіз пайдаланылуына әкелген.

Астана қаласын жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігіне аудит қорытындысы бойынша ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын арттыруға бөлінген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану, заңнамада көзделген құжаттарсыз жөндеу жөніндегі қаражатты тиімсіз жоспарлау және пайдалану, сондай-ақ 121,2 млн. теңгеге бір жылдан астам тұрып қалған ұзақ мерзімді активтерді сатып алу фактілері анықталды.

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС және «Елорда даму» ЖШС қызметі тиімділігінің аудиті бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелерін түзетудің жоғын көрсетті, бұл «Елорда даму» ЖШС-де 3,0 млрд. теңгеге және «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-де 9,6 млрд. теңгеге қаражаттың тиімсіз жоспарлануына әкелген, сондай-ақ 4,6 млрд. теңгеге активтерді тиімсіз пайдалануға әкеп соққан, осының салдарынан 3 проблемалық объектінің аяқталуы қамтамасыз етілмеген.

Елордада кәсіпкерлік қызметті қолдау тиімділігінің аудиті қолдау алған кәсіпкерлер жобаларының тиімділігін бағалау жүзеге асырылмайтынын, мысалы, шағын және орта кәсіпкерлік, құрылған жұмыс орындарының саны, сондай-ақ өздерінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартқан кәсіпорындар бөлінісінде төленген салықтарды талдау жүргізілмейтіні анықталды.

Қаржы секторының жүргізілген аудиторлық іс-шаралары сондай-ақ нашар қаржылық бақылау мен тәртіпке байланысты сақталып отырған кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етуге жүргізілген тексеру түсімдердің 3 түрі бойынша түсімдерді болжау қағидалары бұзылған, болжамдар жүзеге асырылмағанын және 3 түрі бойынша белгіленген талаптар сақталмай жүргізілгенін көрсетті.

Бұдан басқа, 14 мемлекеттік кәсіпорын 18,8 млн. теңгеге, 2 заңды тұлға 53,6 млн. теңгеге таза пайданың бір бөлігі төлемдерінің түсімдерін, сондай-ақ 23 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын 27,4 млн. теңгеге таза табыстың бір бөлігін аудару мерзімдерін бұзғаны үшін өсімпұлдарды уақытылы және толық өндіріп алу қамтамасыз етілмеген.

Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті бойынша жалпы сомасы 199,9 млрд. теңгеге қаржылық есептілікті бұрмалау анықталды.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігінің бұрмалауға әкеп соққан бұзушылықтар негізгі құралдарды, амортизациялық аударымдарды, аяқталмаған құрылысты есепке алудың дұрыс көрсетілмеуі, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына қаржы инвестицияларының дұрыс көрсетілмеуі және басқалар болып табылады.

Осылайша, бұзушылықтар қаржылық процестерді басқарудағы кемшіліктерге, ішкі бақылаудың нашар жүйесіне және қызметкерлер біліктілігінің жеткіліксіздігіне байланысты туындаған.

Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы мүдделі ұйымдарға барлық проблемалық мәселелер мен бұзушылықтар бойынша 201 тапсырма және 104 ұсыныс берді. Орындау мерзімі басталған барлық ұсынымдар мен тапсырмалар толық көлемде орындалды (87 ұсыным және 183 тапсырма).

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері жол берген бұзушылықтар үшін 131 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Әкімшілік жауапкершілікке 153 факті бойынша 45,6 млн. теңгеге айыппұл түрінде лауазымды және заңды тұлғалар тартылды. Сондай-ақ Тексеру комиссиясы тікелей 25 әкімшілік іс қозғап, 5,3 млн. теңгеге айыппұл салды.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің болуына байланысты рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін Астана қаласының прокуратурасына 6 материал жіберілді.

Тексеру комиссиясы өз жұмысында Астана мәслихатының депутаттық корпусымен белсенді өзара іс-қимыл жасайтынын атап өту қажет. Барлық проблемалық мәселелер бойынша жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері тұрақты негізде Астана қаласы мәслихатына және Астана қаласының әкіміне жолданады.

Биыл да Тексеру комиссиясы қаржылық тәртіпті нығайтуға және тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғасу үстінде. Бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтердің қаншалықты тиімді пайдаланылуын талдауға және бағалауға ерекше назар аударылып, ағымдағы жылы 400 млрд. теңгені қамтитын 48 объектіде 13 аудиторлық іс-шара өткізу жоспарланды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

20.05.2026 №510-1711

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «А62 (жобалық атауы) көше» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, А62 (жобалық атауы), Абылай хан даңғылынан, А91 (жобалық атауы) көшеге дейінгі мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 18,3052 га, жер учаскелері 2026 жылғы 22 маусымнан бастап 2027 жылғы 22 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі **Ж. Қасымбек**


Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «20» 05
№510-1711 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-145-2157	Кудайбергенов Жан Маратович	10061	10061	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, А 431 көшесі, №23К жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
2.	21-318-145-2346	Сайранов Адильбек Мейрамович	221	221	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8Р жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
3.	21-318-066-760	«Гелиос» ЖШС	6	6	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №11Р жер телімі	Сыртқы жанармай тарату колонкасын (дизель отыны үшін) орналастыру	Жалдау мерзімі 26.03.2027 ж. дейін (қала құрылысы игеріле бастағанға дейін)
4.	21-318-145-2357	Нуршаев Бекназар Болатбекович	13902	13867	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8А жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
5.	21-318-145-2356	Сайранов Адильбек Мейрамович	628	454	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8Б жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
6.	21-318-145-372	«МЕТРО Кеш энд Керри» ЖШС	482	482	Астана қ., «Алматы» ауданы, Қарағанды–Астана тас жолының қиылысы ауданы	Кірме жолдарды салуды ұйымдастыру үшін	Жалдау мерзімі 2010 жылғы 09.12-ге дейін (қала құрылысы игеріле бастағанға дейін)
7.	21-318-145-846	Сайранов Адильбек Мейрамович	2	2	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, А көшесі, №128 үй, №1 жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
8.	21-318-145-2439	Сайранов Адильбек Мейрамович	33	33	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, А көшесі, №431 үй, №23П жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
9.	21-318-145-2347	Сайранов Адильбек Мейрамович	785	785	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8П жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
10.	21-318-145-2345	Сайранов Адильбек Мейрамович	214	214	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8С жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
11.	21-318-129-1452	«Salem NQZ» ЖШС	70595	42957	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, А көшесі, №431 үй, №9Д жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
12.	21-318-145-2158	Сайранов Адильбек Мейрамович	1612	1612	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, А 431 көшесі, №23Л жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
13.	21-318-145-365	«МЕТРО Кеш энд Керри» ЖШС	3825	3660	Астана қ, «Алматы» ауданы, Өнеркәсіп кентінен 2,3 км шығысқа қарай	Кірме жолдарды салу және пайдалану	Жеке меншік
14.	21-318-145-2352	Сайранов Адильбек Мейрамович	1802	1802	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8Е жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
15.	21-318-145-367	«МЕТРО Кеш энд Керри» ЖШС	5089	392	Астана қ, «Алматы» ауданы, Өнеркәсіп кентінен 2,3 км шығысқа қарай	Кірме жолдарды салу және пайдалану	Жеке меншік
16.	21-318-145-2350	Сайранов Адильбек Мейрамович	162	109	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8Л жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
17.	21-318-145-2344	Сайранов Адильбек Мейрамович	71	71	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №8У жер телімі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу	Жеке меншік
18.	21-318-066-095	«Жылжымайтын мүлік акционерлік инвестициялық қоры «Alfa Properties» АҚ	8701	265	Астана қ., «Сарайшық» ауданы, Астана–Қарағанды тас жолы, №9 ғимарат	Өндірістік үй-жайларды пайдалану	Жеке меншік

Астана қаласының әкімдігі еңбек ардагері, ардақты азамат

Балташ Ақышұлы Медеубаевтың



қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Балташ Ақышұлы 1946 жылы Ақмола облысының Жантеке ауылында дүниеге келген. Саналы ғұмырын туған жердің дамуына, ауыл шаруашылығы саласына арнады. Әр жылдары совхоз саласында, аудандық басқару органдарында жауапты қызметтер атқарды. «Құмкөл» совхозын басқарған жылдары шаруашылықтың дамуына, ауыл мәдениеті мен спортының көтерілуіне зор еңбек сіңірді. Кейін елорданың құрылыс саласында қызмет етіп, Астананың көркеюіне де үлес қосты.

Балташ Ақышұлы елге сыйлы, көпке қадірлі, еңбекқор әрі парасатты азамат болды. Оның жарқын бейнесі мен өнегелі ғұмыры халық жадында мәңгі сақталады.

ДҮЙСЕНБІ
1 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ
5:30 Әнұран
5:35 «Нұрсәулем-ай!» би ансамблінің концерті
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» интеллектуалды телевикторинасы.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жалған өмір» телехикаясы.
14:15 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
14:55 «Ақорда»
15:10 «Жарқын жүздесу»
15:50 «Біздің сынып» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» әлеуметтік ток-шоуы.
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ток-шоу.
23:10 «1001 ТҮН» ақпараттық, ойын-сауықтық бағдарламасы.
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.
1:30 «Ашық алаң» ток-шоу.
2:25 «Қызық екен...» интеллектуалды телевикторинасы.
3:05 «Көршінің қызы» телехикаясы.

5:00 Телесериал «Метод уборщицы»
7:00 «Оян!»
9:00 Мультсериал «Турбозавры»
10:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12:00 Концерт «Балапан саз»
14:00 «Әлеумет»
14:30 «Көзқарас»
15:00 Мелодрама «Госпожа горничная»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
22:00 «КешREC»
23:00 Боевик «Самоволка»
1:00 Телесериал «Метод уборщицы»

ASTANA TV

06.00 «Шымкент-шоу»
06.30 «Жұлдызай 20 жыл» концерт
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.10 «Гүлжемал» телехикаясы
11.35 «Бажа» телехикаясы
12:10 «Қожа. Жаңа саяхат» х/ф
13.40 «Шымкент-шоу»
14:20 «Зу-зу Күлпәш 2» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.30 «Құйынды мекен» телехикаясы
19:00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Гүлжемал» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Құйынды мекен» телехикаясы
00:40 «Любовь без тормозов» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
7:30 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:30 «НОВОСТИ»
8:45 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
9:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
9:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:45 «НОВОСТИ»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:00 Фильм «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА!»
13:15 «АНАЛИТИКА»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:20 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:45 Ночной кинотеатр. «ЗЕЛЕНЫЙ ФУРГОН. СОВСЕМ ДРУГАЯ ИСТОРИЯ»
2:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы
8:20 «ӨМІР-СЫНАҚ», телехикая.
10:00 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА» (повтор)
14:30 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», мелодрама.
16:30 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», мелодрама.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ШЕФ-7», криминальная драма.
1:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
3:10 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», мелодрама
4:45 «ӨМІР-СЫНАҚ», отандық телехикаясы
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио» бағдарламасы
06:30 «Ризамын» бағдарламасы
07:10 КИНО. «Қожа. Жаңа саяхат» (повтор)
09:00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
10:00 М/с «Пингвины Мадагаскара»
10:30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:20 КИНО. «Большой красный пес Клиффорд»
13:20 КИНО. «Дорога домой: Невероятное путешествие»
15:20 КИНО. «Повелитель стихий»
17:30 КИНО. «Индиана Джонс: В поисках утраченного ковчега»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. «Супер 8»
23:20 КИНО. «12 раундов: Перезагрузка»
01:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» бағдарламасы
03:00 «TikTok show» бағдарламасы
03:20 «What's up?» бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» бағдарламасы
05:20 «Ризамын» бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «ЖҰЛДЫЗ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ» концерт
7:00 «Үзілген жапырақтар» телехикая
8:50 «Тәуіп Хо Жун» телехикая
10:00 «Үздік әзілдер» бағдарлама
11:00 Телесериал.
12:00 Телесериал.
13:00 «ҚАЙСАР ЖҮРЕК» телехикая
14:00 «Вакцина от коррупции» х/ф
16:00 «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО»
16:30 «НУ, ПОГОДИ!» мультсериал
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ» телесериал
21:00 «ДАЛЕКИЙ ГОРОД» телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» телехикая
23:30 «ТӘУІП ХО ЖУН» телехикая
0:50 Жаңалықтар
1:15 Новости
1:40 Телесериал.
2:40 Гүл-гүл шоу
3:20 Жарқыраған жұлдыз
4:10 Жұлдызды шаңырақта
5:00 Жаңалықтар
5:25 Новости

НТК

07.00 «Разминка»
07.15 Телехикая «Достық 99»
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «МАДАКАСКАР» фильм
10.10 «КРОЛИК ПИТЕР 2» фильм-фэнтэзи
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 «РЕВЮ»
16.20 «БЕТХОВЕН» (семейная комедия,
18.20 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
20.30 «БЕСКОНЕЧНОСТЬ» боевик
22.30 «КРИК 6» (фильм ужасов)
01.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
01.50 Реалити-шоу «Жаңа казахи»
02.30 «Қызық Live»
03.10 «Ұ-NIGHT SHOW»
03.50 «INSTA TV»
04.10-05.00 Әзіл-күлкі бағдарлама «Екі езу»

СЕЙСЕНБІ
2 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» ТЕЛЕВИКТОРИНА.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «ЖАЛҒАН ӨМІР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:15 «АҚСАУЫТ»
14:35 «ТҰЛҒА» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
15:15 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
15:50 «БІЗДІҢ СЫНЫП» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ТОК-ШОУЫ.
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:25 АҚША ӘЛІППЕСІ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ТОК-ШОУ.
23:10 «1001 ТҮН» АҚПАРАТТЫҚ, ОЙЫН-САУЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ.
0:10 АҚПАРАТ
0:35 АҚША ӘЛІППЕСІ
0:40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ТОК-ШОУ.
1:30 «АШЫҚ АЛАҢ» ТОК-ШОУЫ
2:25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» ТЕЛЕВИКТОРИНА.
3:10 «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.

5:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕТОД УБОРЩИЦЫ»
7:00 «ОЯН!»
9:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
13:00 «ОЙНАIQ»
14:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»
14:30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ
14:45 ЖЕР-ЖАҺАН
15:00 БОЕВИК «САМОВОЛКА»
17:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕЧТА ЭШРЕФА»
19:00 НОВОСТИ
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ»
22:00 «КЕШREC»
23:00 ФАНТАСТИКА «ЭВОЛЮЦИЯ»
1:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕТОД УБОРЩИЦЫ»

ASTANA TV

06.00 «Шымкент-шоу»
06.20 «Бажа» телехикаясы
07:00 «Любовь без тормозов» телесериал
08:00 «Семья на год» телесериал
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.10 «Гүлжемал» телехикаясы
11.35 «Бажа» телехикаясы
12:10 «Жұмақтан билет» х/ф
14:20 «Зу-зу Күлпәш 2» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.30 «Құйынды мекен» телехикаясы
19:00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Гүлжемал» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Құйынды мекен» телехикаясы
00:40 «Любовь без тормозов» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
7:20 «KÖREMIZ-ШОУ»
8:20 «НОВОСТИ»
8:30 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
9:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
9:40 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:30 «НОВОСТИ»
10:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:45 Фильм «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА»
13:00 «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». фильм
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:20 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 14»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:45 Ночной кинотеатр. «ЗЕЛЕНЫЙ ФУРГОН. СОВСЕМ ДРУГАЯ ИСТОРИЯ»
2:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы
8:10 «ӨМІР-СЫНАҚ», телехикая.
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:20 «ШЕФ-7», криминальная драма
12:30 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама
14:30 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», мелодрама.
16:30 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», мелодрама.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ШЕФ-7», криминальная драма.
1:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
3:10 «ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО», мелодрама
4:45 «ӨМІР-СЫНАҚ», отандық телехикаясы
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
08:50 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09:20 Мультсериал «Губка Боб»
10:10 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:50 КИНО. Пирс Броснан в боевике «Золотой глаз» (повтор)
14:50 КИНО. Боевик «Индиана Джонс: В поисках утраченного ковчега»
17:30 КИНО. Боевик «Индиана Джонс и Храм судьбы»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. боевик «Неудержимые»
23:00 КИНО. триллер «Телефонная будка»
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» бағдарлама
03:20 «What's up?» бағдарлама
04:00 «Әзіл студио» бағдарлама
04:20 «1001 әзіл» бағдарлама
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Ата-ана. Бала-шаға» телехикая
7:00 «Үзілген жапырақтар» телехикая
8:50 «Тәуіп Хо Жун» телехикая
10:00 «Үздік әзілдер» бағдарлама
11:00 Телесериал.
12:00 Телесериал.
13:00 «ҚАЙСАР ЖҮРЕК» телехикая
14:00 «ТАҚИЯСЫЗ ПЕРІШТЕ» телехикая
16:00 «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО»
16:30 «НУ, ПОГОДИ!» мультсериал
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ» телесериал
21:00 «ДАЛЕКИЙ ГОРОД» телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» телехикая
23:30 «ТӘУІП ХО ЖУН» телехикая
0:50 Жаңалықтар
1:15 Новости
1:40 Телесериал.
2:40 Гүл-гүл шоу
3:20 Жарқыраған жұлдыз
4:10 Жұлдызды шаңырақта
5:00 Жаңалықтар
5:25 Новости

НТК

07.00 «Разминка»
07.15 Телехикая «Достық 99»
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «INSTA LIKE»
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
09.20 «БЕТХОВЕН» (семейная комедия,)
11.00 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 «РЕВЮ»
16.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
17.30 «БЕСКОНЕЧНОСТЬ» (фантастический боевик,)
19.30 Сериал «S.W.A.T.: СПЕЦНАЗ ГОРОДА АНГЕЛОВ»
20.30 «ПОДВАЛ» (криминальный триллер)
22.20 «НОЧНОЙ РЕЙС» (детективный триллер)
00.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
00.50 Реалити-шоу «Жаңа казахи»
01.30 «Қызық Live»
02.10 «Ұ-NIGHT SHOW»
03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі «Екі езу»

СӘРСЕНБІ
